



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 31 (412) 05 тамыз, 2021 жыл

ҚАМШЫБЕК ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

Жапонияда өтіп жатқан жазғы Олимпиада ойындарында бокстан Қазақстан құрамасының капитаны, жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев қола жүлдеге ие болды.

Жаннат қымбат оларға ар, Мен жастарға сенемін.



Бақдәулет ЖАРЫЛҚАСЫН, Назарбаев зияткерлік университетінің грант иегері:

ӘРБІР ОҚИҒАНЫН АРТЫНДА ФИЗИКАЛЫҚ ФОРМУЛА ТҰРАДЫ

Айгүл ӘЛШЕРОВА

— Бақдәулет, Назарбаев зияткерлік университетіне оқуға түсуіңізбен құттықтаймыз. Аталмыш университеттің білім грантын жеңіп алу оңай емес. Айтқызыңыз, сіз қандай талап үдесінен шықтыңыз?

— Қарапайым отбасында туып өстім. Менің үш ағам бар. Бәрі де мен сияқты музыкамен айналысады және көп уақытын білімге арнайды. Жетістікке жетуде репетитор жалдамасам немесе қымбат кітаптар сапалы алмайды. Осы арқылы өзім сияқты қарапайым мектеп оқушысы ҰБТ-дан жоғары балл жинап, еліміздің ең үздік жоғары оқу орнына түсе алатынын дәлелдегім келді. Жақындарымның көмегін арқасында мен бұған нәтиже көп жеткіздім және бұл мақтаншақ сөз деп ойлаймын.

— Есептеу техникасы мамандығын тандапсыз. Бұл сала сізді несімен қызықтырды?

— Есептеу техникасы бір сөзбен айтқанда компьютер. Бағдарламалық қамтамасыз ету, яғни инженер мамандығын көбіне болашақтың мамандығы деп атайды. Менің ойымша, бұл жұмыс қазірдің өзінде өте маңызды. Себебі, біз компьютерді күні бойы қолданамыз. Бірнеше жыл бұрын мен бағдарламалау курсына жазылдым, онда біз веб-сайттар мен мобильді қосымшалар жасауды үйрендік. Басында қиын болды, өйткені мен компьютерде ұзақ отырма және кейінгі аударуға мәжбүр болдым. Бірақ маған жұмысымыздың нәтижесі көру ұнады. Оқудың бітіріп аптасының соңында мен бірінші болып веб-сайт құрдым. Бұл көптеу тұлалы жазылған шағын бет болды. Шынымы айтсам, өте керемет болмады. Бірақ бұл мені жұмысым болғандықтан көзіме істек көрді. Нәтижесінде жұмыс жасау маған әлемде байланысуға мүмкіндік берді. Мен өз өнертабысымды бүкіл әлеммен бөлісем аламын. Мәселен, Марк Цукерберг Facebook-ті екінің күрсі оқи жүріп, ноутбуктың көмегімен жатақханада жасаған. Қазір әлемдегі әрбір үшінші адам Facebook-ті қолданады, ал Марктың бұны тыңдаушы миллионда доллардан астам қаражат бар.

— Бір сұхбатыңызда 9 сыныпқа дейін физика мамандығына қызығушылығың болмады депсіз. ҰБТ-ға дейінгі жылда физика пәнін қалай меңгердіңіз?

— Бірде досыма ауқымды іс-шарада физика пәнінен тың жобаны қорғау қажет болды. Тұсаусізгерге бірнеше күн қалғанда ол ауырып қалды. Мұғалім оның жобасын аяқтауымды өтінді. Ал маған физика пәні мүлде ұнамайтын. Одан қалды көпшіліктің алдында өзін түсінбеген дүниені өзгеге түсіндіру тіпті қиын. Мұғалімнің өтінішін жерге тастамайын деп жобаны қорғауға келісім. Жобаның тақырыбы — Ом заңы. Жоба барысында аккумулятор, түрлі сымдар, электр шамы және электр тізбегіндегі кернеуді өлшеуге арналған түрлі құралдар берілді. Сонымен қатар кітапханадан бірнеше өкіл кеңестік физика кітаптарымен таныстым. Сол әдебиеттердің көмегімен бір аптада физиканы толық меңгердім. Содан бері мен физика пәнін бар ынталмен оқитын болдым. Ізденістердің нәтижесінде интернеттен жаратылыстану бағыты бойынша онлайн сабақтарды көздеріңізді Батыс физиканың де қызықты бейнелерін қарап, мәселелерді үнемі шешіп отырдым. Қиын нәрселерді зерттеу арқылы күн сайын шындыққа жақындай түсемін. Сондай-ақ біздің әлем қалай жұмыс істейтінін бітіп келеді. Өйткені әрбір оқиғаның артында физикалық заң және соған сәйкес формула барын ұқтым.

— IELTS, SAT Халықаралық тестілеудің өзгелерге қарағанда арнаулы неге?

— SAT емтиханы бірегей, әлемдегі кез келген тесттен айырмашылығы жоқ. ҰБТ оқушының білімін тексереді. Оған оқулықтарды оқу, формулалар мен терминдерді жаттау арқылы дайындалу керек. SAT бөлімшесі жасы оқу үшін оқулық көмектеспейді. SAT оқушының сыни тұрғыда ойлауын жетілдіріп, көлемді ақпараттармен жұмыс істелі, шешім шығаруға үйретеді. Оқушыға ағылшын тілінде 10 көлемді мәтін және математикадан 58 сөз беріледі. 180 минут ішінде 154 сұраққа жауап беру қажет. Информатика мен инженерия мамандығы бойынша оқи отырып, мен өз мансабымды Қазақстандағы білім беруді дамытуға арнап, жаңа технологияның бізге беретін артықшылығын пайдаланғым келеді. Арманым — XXI ғасырдың инновациясына негізделген өлеңдік деңгейде алғашқы технологиялық мектептерді ашу.

бір немесе екі сұрақты жіберіп алған болсаңыз да, жоғары балл алуға болады.

— «Жігітке жеті өнер де аз, демекші, көпшілік біле бермейтін өнеріңіз бар ма?»

— Музыка мен бағдарламалаудан басқа мен фотосурет, фотомонтаж жасауды жақсы көремін. Біраздан бері әдеби кадрларды іздеп жүрмін. Себебі, фотосурет белгілі бір ғарыштық күшке ие. Тіпті уақыт машинасына жақын сияқты көрінеді. Біз фотосуретке қарап, өткен жылдарды еске аламыз. Өткен сәтті сезіріп, тамаша күнге түсіретіміз қызық.

— Болашақта Гарвард университетінен магистр дәрежесін алуың мақсат етісіз. Бұл университетті таңдауыңыздың себебі неде?

— Гарвард өзінің ғылыми қызметкерлерімен бүкіл әлемге әйгілі. Жыл сайын бұл университет әлемдік рейтингте бірінші орын алады. Планетадағы ең ағылшын адамдар осында оқиды және жұмыс істейді. Олардың қатарына кіру үшін оңаңған түрлі «сүзгілерді» өтіп, бірнеше емтихан тапсыру қажет. АҚШ-тың 8 Президенті мен миллиардерлер, Гарвард университетінің бітірген. Бірақ мені Гарвард мәдениеті көбірек қызықтырады. Оның ішінде олардың оқуға, шығармашылыққа және әлеуметтік өмірге көзқарасы ерекше.

— Шетел асқан тұлғаларды көбі елге оралмай жатады. Сіздің болашақ жоспарыңыз қандай?

— Өкінішке қарай, бұл рас. Қазір әлемде «күткен мазғар» деп аталатын жағдай орын алуда. Тапалтты адамдар мемлекет шекарасынан аша мен атақ іздеп кетеді. Бұл екі жақтың да кінісі. Жалпы Қазақстанда мәселе көп. Бірақ ол барлық елде бар. Біз одан қашып қалып аламыз. Кез келген қорғамға ауыр жұмыспен айналысатын адам қажет. Информатика мен инженерия мамандығы бойынша оқи отырып, мен өз мансабымды Қазақстандағы білім беруді дамытуға арнап, жаңа технологияның бізге беретін артықшылығын пайдаланғым келеді. Арманым — XXI ғасырдың инновациясына негізделген өлеңдік деңгейде алғашқы технологиялық мектептерді ашу.

— Өңіміңізге рақмет.

Медет УСАИН, Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының басшысы:

МЕН БАЙДЫҢ БАЛАСЫМЫН



Гүлбану МАҚАЖАН

Өткен аптада облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының басшысы қызметіне 34 жастағы Медет Усаин тағайындалды. Ол 29 жасында Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы болған. Жас маман бұл лауазымды төрт жылға жуық атқарған. Өткен жылы мамыр айында облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды. Енді үшінші басқармаға басшы болып келген Медеттің еңбек жолы әлеуметтік желіде қызу талқыға түсті. Бірі «Құтты болсын, жастарды көтеру жерде» десе, енді бірі «Бір байдың баласы шығар», «Бұл қызметке мамандығы сәйкес келмейді ғой» деп сынга алды. Біз Медет Усаинның өзімен жолығып, танысып қайтқан едік.

— Медет, жаңа қызметіңізді құттықтасын! Сізбен жақын танысуға келдік. — Жосым 34-те Қызылорда қаласындағы 8 Шалғынбаев атындағы 217 мектептің тұлғамын. Ұлттық бірінші тестілеуді алаша тапсырған тұлғамыз. Физика пәнін таңдап, 78 балл жинадым. Алматы қаласына Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне «Көлік, көлік техникасы және технологиялар» мамандығына грантка оқуға түстім. Кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне «Қаржы» мамандығын меңгердім. Еңбек жолымды «Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» басқармасында уақытша бос тұрған орнына бас маман болудан бастадым. Алты айдан соң зорнақаттан шағырту келіп, өскерте кеттім. 2010 жылы өскерден келіп біраз уақыт жұмыс таппай, досыммен бірге кондиционер құрып аша таптық. Кейін Энергетика басқармасына штаттан тыс қызметкер болып, 43 мың теңге қалақы алдым. Аталмыш басқармада қағазды да жаздым, шет аймақтарға шығып, қандай мәселелер барын көріп, үлкен тәжірибе жинадым. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы жариялаған конкурстан өтіп бас маман болып жұмысқа қабылдандым. Бір жылдан соң Энергетика басқармасына әріптестерім шақырып, бөлім басшысы лауазымына тағайындалдым. Екі жыл осы мекемеде жұріп тәжірибем толысты.

— «Усаин болмасаң да, Усаинға ұқсап бақ» деп жатыр. Сәттілігіңіздің сыры неде? — Мен байдың баласымын. Өкем мен шешем — бай адамдар. Өкем өмір бақи жүк көтеруді, жүргізуші болған. Анам өмір бойы Ұлттық банкте жетекші маман болып жұмыс істеді. Отбасымызда 2 қыз, 1 ұлмын. Алғашқы шүкір, үшеуіміз де жоғары оқу орнындамыз бітіріп, тиісті дәрежеде халыққа қызмет көрсетіп жүрміз. Осы күнге дейін ата-анамыз берген тәрбие мен білімін арқасында әбройлылы қызмет етіп жүрміз. Біз өкем де Нұр-Сұлтан қаласында дәргер болып қызмет етуде. Қарапайым, жоққа жасмайтын, барға тасымалытын балалары бар олар — бай адамдар. Байлық тек ақшамен өлшенбейді, адам рухани бай болуы керек.



STOP: COVID

АЙМАҚТАҒЫ АХУАЛ ӘЛ ДЕ КҮРДЕЛІ

Қазақстан аумағындағы эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша Қызылорда өлі «қызыл аймақта» тұр. Өзігер аймақтағы ахуал өлі де күрделі. Вирус жұқтырып өмі алып жатқан 210 науқас тіркелген. «Вакцина алып ауру жұқтырған науқастар саны — 0,1 пайыз. Бұл вакцинацияның тиімділігін көрсетеді. Ауырып жатқан науқастардың 99,9 пайызы вакцина алмағандар», — деді Денсаулық сақтау вице-министрі, ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ерлан Қиясов. Қызылорда облысында 2 тамыздағы мәлімет бойынша I компоненттен 221 486 адам вакцина салдырса, II компонентті 152 971 адам салдырды.

Гүлбану ҮСЕНҚЫЗЫ



— Коронавирус инфекциясына қарсы вакцинациялау жұмыстары ағымдағы жылдың 1 ақпанынан басталды. Екпенің ресейлік Sputnik-V, қазақстандық Qaz-Vax және БАӘ мен Қытайдың Huawei-Vax және Қытайдың Corona-Vax түрлері қолданылды. Қазір Қызылорда облысы барлық түрінен 1-ші компоненті бойынша 17 959 адамға, екінші компоненті бойынша барлығы 12 399 адамға екпе жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар емхананың фильтр кабинеті жұмыс істеп тұр. Ол жерде коронавирус инфекциясына күдігі бар барлық науқас пен COVID-19 анықталған науқаспен байланыста болған адамдарды тексеріп, ПЦР сынамалары алынып, ем шаралар тағайындалады. Орта медицина қызметкерлері ошақтағы сындырып, Қазір Қызылорда облысы күндік ПЦР сынамаларын үй жағдайында алып, зертханаларға жеткізеді. Осылайша халық денсаулығын сақтап қалу мақсатында тынымсыз еңбек етіп

жүрміз, — деді медицина саласында отыз жылдан аса еңбек етіп жүрген тәжірибелі дәрігер Гүлстан Әбубақырқызы. Мамандар санитарлық ағарту жұмыстары жүйелі жүріп жатқанын айтады. «Емхана барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып адам көп шоғырланатын. Arai City орталығында медициналық бекет вакцинациялау бойынша халыққа қызмет көрсетуде. «Вакцина алуға келушілердің сан күн санап артып келеді. Дәрігерге қаралып, кенес алып, вакцинация белгесіне жіберіледі. Емхананың ішінде санитарлық талаптарды да қатаң бақылауда ұстап отырмыз», — дейді №3 қалалық емхананың эпидемиолог дәрігері Гүлнұр Ильясова. Карантиндік шаралар күшейгенімен, әлі де тұрғандар арасында немқұрайлық байқалады. Арақашық сақтамай, тіпті масканы жүрген адам көп. «Қауіп жоқ деме қыр астында» дегендей, сақ болмайы, жерлестер!

ҮЗДІК ТОПТАР



Қызылорда гарнизонындағы әскери бөлімде 2021 жылғы жауынгерлік жостарға сай 2 аптаға созылған арнайы роталық тактикалық оқу-жаттығу аяқталды. Оқу-жаттығуға белімін барлық роталары қатысты.

Бұл оқу-жаттығуды өткізудегі басты мақсат – роталар жеке құрамының жауынгерлік дайындық дәрежесін тексеру, дабыл бойынша көтеру және рота жауынгерлерінің функционалдық міндеттерін, үйлесімділігін бағалау. Алғашқы күннен бастап-ақ бөлімдегі барлық роталардың әскери қызметшілері белсенділік танытты.

Тактикалық оқу-жаттығу жоспарына сәйкес сайыс үш кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде роталар дабыл бойынша көтеріліп, марш жасады. Одан кейін әскери топография, инженерлік дайындық, радиациялық-химиялық және биологиялық қорғау, байланыс, әскери медициналық және әуе-десанттық дайындық бойынша тиісті нормативтер тексерілді. Ал, екінші кезеңде негізгі жаттығулар далада өткізілді. Далада өткен кезеңдегі тапсырманың бірі белгісіз аймақтағы жасырылған объектілерді тауып, координаттар бойынша жұмыс жасау болды. Жаттығудың үшінші кезеңінде роталар атыс дайындықтары бойынша сыналды.

«Тактикалық оқу-жаттығу барысында үздік топтар анықталды. Роталар кенеттен белгіленген жауынгерлік дайындықтар бойынша тапсырмаларды шеберлікпен орындады. Арнайы мақсаттағы таулық барлау ротасы барлық кезеңдерде жақсы нәтиже көрсетіп, жаттығуларды жоғары дәрежеде орындады», – деді әскери бөлім командирінің жауынгерлік дайындық жөніндегі орынбасары подполковник Нұрлан Шегебаев.

Оқу-жаттығу кезінде роталар қауіпсіздік шаралары мен санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, тактикалық іс-қимылдардың дұрыстығына, ұрыста қаруды тиімді пайдалануға ерекше көңіл бөлді. Тактикалық оқу-жаттығулар бөлім жеке құрамының теориялық білімінің нығайтуына, жана қосылған жауынгерлердің тәжірибе алмасуына және жалпы роталардың қызметтік міндеттерін сапалы орындауына оң ықпал ететіні сөзсіз.

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыруымен үздік ғылыми жобалардың өңірлік кезеңі өтті.

Нәтижесінде байқау жеңімпаздары анықталып, қаржылай сыйлықтар табыстылды. Жеңімпаздарды облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ директоры Бауыржан Мәсеткеов марапаттап, белсенділік танытқан қатысушыларға алғыс білдірді.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша оқытушысы Айнура Маханбетовна Диванованың жұмысы «Ең үздік» жоба ретінде танылды. Ол «МТМ мәдениетін құрметтеу – достық бірліктің нышаны» тақырыбында жазды. Сондай-ақ М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының II курс студенті Ақбота Кенесбектің «Елбасы – жаһандық тұрақтылық пен татулық дәнекері» тақырыбында жазған жұмысы «Үздік» жоба деп белгіленді. «Әдебиетпаз жас ғалым» номинациясы бойынша М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша оқытушысы Қаламқас Болатбек марапатталса, жобадан бас сынаған өзге 5 қатысушыға алғыс хат табыстылды.

«Ең үздік» және «Үздік» деп танылған екі жоба республикалық кезеңге жолданды.

Биыл ел назарын аударған саяси жаңалықтың бірі – ауыл өкімдерінің сайлануы. Атап айтқанда, ауыл өкімін сол енді мекеннің тұрғындары сайлады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Галым Баймырзаев және комиссия төрағасының орынбасары Болат Накипов арнайы хабарлама жасады.



2021 жылғы 1 тамызда өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған Арал ауданының Аққум және Шиелі ауданының Талаптан ауылдық округі өкімдерінің сайлауы өтті.

Екі ауылдық округ өкіміне барлығы 9 кандидат, оның ішінде Аққум ауылдық округіне 4, Талаптан

АДРЕСТІК ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСУДА



Облыстық жастар ресурстық орталығының мамандары жастардың әлеуметтік санатын анықтау бойынша адрестік жұмыстарды жүргізу үшін Жаңақорған ауданына іссапармен келді.

Аудандағы мониторинг топ жұмысы 32100 халық қоныстанған Жаңақорған кентінен бастау алды. Зерттеудің негізгі мақсаты – талдама жұмыстарын жүргізу, өзара іс-қимыл деңгейін анықтау және NEET (оқымайды, жұмыс істемейді және біліктілігін арттырмайды) санатына жататын жастардың мемлекеттік жастар бағдарламаларына қатысуы, сондай-ақ халық құрылымында осы санаттың санын азайту бойынша ұсынымдар әзірлеу. Зерттеу барысында орталық мамандары 5 топқа бөлініп, кенттегі Алтынсарин, Қорғантағы аумақтарындағы жастармен жүзбе-жүз диалогтар жүргізіп, арнайы дайындалған сауалнаманы өрбiр отбасындағы жасқа (14-29) толықтырды. Алғашқы уақытта жүргізілген сауалнама бойынша жастар зерттеліп, назарға алынатын болады.

Сонымен қатар жастардың өңірлік нақты дерекқорын әзірлеуде жұмыссыздық деңгейін төмендету және NEET санатындағы жастарды анықтау жұмыстары кент және аудан өкімдігімен бірлесіп, 134 кешке бойынша жалғасуда. Зерттеу жұмыстары карантиндік талаптар негізінде жүргізілді.

ЕКПЕ АЛУ – ІНДЕТТІ ЖЕҢУ



Медицина саласының ардагері Сағындық Шәмшіевтің айтуынша, халықтың індеттен сақтану жолын ұстануы өз деңгейінде емес. Бұл туралы ардагер өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.

– Індет өршіген кезеңде тығылпы той жасап, мерекелік жиындарды азайтпай отырған тұрғындардың сақтық шараларына салғырт қарап, аурудың алдын алуға келгенде немқұрайлылығы басым. Осы жасқа келіп мен де вакцина алдым. Денсаулығым жақсы. Індетті жеңеміз десек, вакцина алайық. Өрине, вакцина індетке 100% ем болмайды. Бірақ аурудың жеңіл өтуіне 90% ықпал етеді, – деді Сағындық Шәмшіев.

Ардагер вакцинаның тиімділігін жоққа шығарып жүргендер өз-өзіне, жақындарына, айналасына, тіпті қорғамға жаңы ашымайтын адамдар екенін айтты.

Брифингте білім саласының ардагері Мылтықбай Байымбетов те тұрғындарды санитарлық талаптарды барынша сақтап, індеттен

қорғануға шақырды. Ардагер ұстаз індеттің өршуіне бейжай қарап, вакцина туралы түрлі алып-қашпа сөзге ерерін азаматтардың әрекетін сынга алды.

– Соңғы күндердегі індеттің балалар арасында таралу қорсеткішін ескеріп, біз қазір балғындарымыздың денсаулығына көбірек алаңдауымыз керек. Жаңа оқу жылы таяп қалды. Сондықтан сала ардагерлері болып білім беру ұйымдарындағы санитарлық талаптарды сақталуы басты назарға алып отырмай. Бұл ретте педагогтармен қатар ата-аналар жауапкершілікті сезінес екен. Жақындарымызға жанашыр болып, айналасымыздың амандығын ойлап, елге алуды маңыздылығын ұғынайық, – деді Мылтықбай Мұстафарұлы.

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖАҢАҚОРҒАНДА



Облыстық жастар ресурстық орталығының қызметкерлері іссапармен Жаңақорған ауданына барды. Азамат Мұекер бастаған топ жастардың тыныс-тіршілігін танысты. Сондай-ақ шығармашылық бағытына да басымдық берді.

Аудандық жастар ресурстық орталығы және аудандық мәдениет үйі қызметкерлерімен аудандық мәдени сала ахуалы, оның ішінде шығармашылық жастармен жүргізіліп жатқан жұмыстар зерделенді. Талаулы барысында аудандық мәдениет үйінің нұсқаушы Зильфия Шапабаева мәдени үйірмелер, онда жастардың қамтылуы және алдағы уақытта аудан өкімдігі тарапынан шығармашылық жастарға көрсетілетін қолдаулар туралы айтты.

Кездесу соңында аудандың дарынды, талантты жастарымен жүзбе-жүз сұхбаттасу шараларында.

2138 ШЕТЕЛ АЗАМАТЫ КЕЛДІ



Жыл басынан бері облыс аумағына түрлі мақсатта 2138 шетел азаматы келіп, уақытша тіркеуге алынды. Оның 1540-ы ТМД елінен, 107-сі алыс шетелден келгендер. Ал, 9786 азаматқа рұқсат ресімделді. Олардан жергілікті бюджетке салық төлемі ретінде 162 млн 429 мың теңге түсті.

– Шетелдік азаматтардың бір жылға дейін жұмыс жасауына рұқсат тіркелгендердің 80%-і – өзбекстаннан келгендер. Атап кету керек, шетелдік немесе азаматтығы жоқ 552 адам заңды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал азаматтығы жоқ адамдарды қабылдаған жергілікті жердің 299 азаматы да айыпталу төледі. Сондай-ақ әкімшілік жолмен республика аумағынан 53 шетелдік шығарылған, – деді облыстық полиция департаменті көш-қон басқармасы бастығының орынбасары Сағындық Құрмбетов.

НАУҚАН ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Елімізде коронавирус инфекциясының өршуіне байланысты уақыттық иммунитет қалыптастыру, эпидемиологиялық өзгешеліктерді тұрақтандыру, денсаулықты нығайту мақсатында вакцина қабілдау жұмыстары жүргізілуде.



Осы орайда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Вакцина алып, ұтысқа қол жеткізі!» атты науқанын ұйымдастырды. Аталған науқанды вакцина алған білім ордасының қызметкерлері мен студенттері белсене қатысып, керемет мүмкіндіктерге ие болды.

Атап айтқанда:

- ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында Нұр-Сұлтан қаласына саяхаттауға 30 студентке жолдана;
- қызметкерлер мен студенттер үшін «Сейіш» спорттық-сауықтыру кешінің бассейніне 30 тегін абонемент;
- студенттер үшін жазғы тынығу лагеріне 30 жолдана;
- қызметкерлер мен студенттер үшін фитнес залға 30 тегін абонемент;
- 30 студентке бір оқу жылына жатқызғанға тұрауға 50% жеңілдік берілді.

Іс-шара барысында өскімер жазылған қатысушылар лото жөшілігін көмепінен кездесейсіз анықталды. Науқан

университеттің Instagram парақшасындағы тікелей эфир арқылы өткізілді.

Тікелей эфир арқылы университеттің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Ж.Базартай сөз сөйлеп, жеңімпаздарды құттықтады. «Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде қызметкерлер мен профессор-оқытушылардың 87%-і, білім алушылардың 51%-і вакцина алған. Жаңа оқу жылын офлайн форматта бастау үшін ұрлыққ иммунитет қалыптастыру маңызды. Бұл өлемдік пандемияны тоқтату үшін өрбiр адам елге алып, санитарлық талаптарды қатаң сақтап, сақтық шараларына аса көңіл бөлуі қажет. Ұқымыдық иммунитетті бірлесіп қалыптастыруға шақырамын. Бүгінгі ұтыс ойынына қатысып, белсенділік танытқан баршаныңа алғыс білдіремін. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймын. Алдағы уақытта да осындай ынталандыру шаралары жалғасуды», – деді Ж.Базартай.

ӘКІМДІ ХАЛЫҚ САЙЛАДЫ

ауылдық округіне 5 кандидат ұсынылған. Ал саяси партиялар атынан 4 кандидат ұсынылған, оның ішінде «Адал» – 1, АҚП – 1, «Nur Otan» – 2, қалған 5-і өзін өзі ұсынды.


Сайлауға дейін Талаптан ауылдық округі бойынша түскен 2 кандидаттан белгіленген біліктілік талаптарға сәйкессіздігі анықталуына байланысты тіркеуден бас тартылып, 1 кандидаттың өз өтінішіне сәйкес тіркеу туралы шешімі бұзылды. Сонымен, сайлауға 6 кандидат түсті, оның 4-еуі Аққум, 2-еуі Талаптан ауылдық округі бойынша қатысты.

Сайлауға 2 сайлау уәкесінің 16 мүшесі және 2 аудандық сайлау комиссияларының толық құрамы қатысты. Тізімге енгізілген сайлаушылар саны 3527 адамды құраса, оның ішінде Аққум ауылында 1283, Талаптан ауылында 2244 сайлаушы. Аудандық сайлау комиссиялары ұсынған мәлімет бойынша дауыс беруге 2850 сайлаушы, яғни 80,8% қатысты. оның ішінде Аққум ауылдық округінен 927 (72,3%), Талаптан

ауылдық округінен 1923 (85,7%) сайлаушы өз таңдауын жасап, дауыс берген.

Дауысқа түскен 6 кандидаттың 3-еуі – мемлекеттік қызметші, 1-еуі бюджеттік сала қызметкері, 2-еуі – уақытша жұмыссыз. Оның ішінде 2 өйленді, екеуі де Аққум ауылдық округінен түскен. Кандидаттардың ешқайсысының ғылыми дәрежесі жоқ. «Болашақ» бағдарламасының түрлеті емес. Ал 2 кандидаттың қосымша мамандығы бар. Мамандықтар белінісі бойынша: 2-еуі – инженер, 2-еуі – заңгер, 1-еуі – экономист, 1-еуі – мәдени-тұрғыны ісінің маманы. Кандидаттардың орта жасы 46,7, ең жасы – 42 жаста (3 адам), ең үлкені – 56 жаста. 6 кандидаттың 2-еуі сол ауылда тұрады, 4-еуі – сол аудандың тұрғыны.

Дауыс беру нәтижесімен Аққум ауылдық округінің өкімі болып Жәндәуір Нұрбек Сауранұлы, Талаптан ауылдық округінің өкімі болып Әмірәлі Аманкелді Шералыұлы сайланды.



АБАЙ - ГИМАЛАЙ



«Орыстар үшін Александр Пушкин, ағылшындар үшін Уильям Шекспир, немістер үшін Иоганн Гете, американдықтар үшін Уолт Уитмен қандай болса, қазақстандықтар үшін Абай да – сондай рухани ұлы тұлға». Елбасы Н.Назарбаев «Абай аманаты» мақаласында осылай жазды. Тұлғаны танудың халық үшін маңызы қандай болса, оның жан дүниесі мен еңбегін түсінудің маңызы өз алдына бір бөлек дүние. Дәй тұрғанмен, мөрейді күн қарсаңында оның адамның өміріне тағы бір мәрте үңілуді жөн көрдік.

Абай туралы диссертациясы үшін үш жарым мың дерек жинап, алты сағат бойы талап-тартысқа толы жиында еңбегін абыроймен қорғап шыққан абайтанушы ғалымның есімі қазаққа етене жақын. Оның хакім Абай жайлы талай жыл көз майын тауысқан зерттеу еңбектері көлемі жағынан Мұхтар Әуезовтан асып, он екі томдық жиналған. Бұл «Абайды орташа деңгейде ғана таныдым» дейтін профессор Мекемтас Мырзахметұлы екенін сіз де біліп отырған боларсыз. Абайдың жалпы өмірбаяны, қара сөзі мен өлеңдеріне егептеп көз жүгіртіп, түсінуге өлеңдерін танытып отырған уәзір ойдың табыны жерге тиемейтін рас. Сол үшін тарихи тұлғаны абайтанушы ғалымның еңбегі арқылы тануға тырыстық.

Осыған дейін М.Мырзахметұлы Абайды тануда үш кедергі бар екенін айтып келді. Бірінші кедергі – Абайдың өмірі, екіншісі – Абайдың сөздері. Үшінші үлкен кедергі – Абайдың дүниетанымы. Алдыңғы екі кедергіні ғалым отандық басшылығы берген сұхбатында келесідей тарқатқан еді:

«Абайды тануда үш кедергі бар біздің алдымызда. Бірінші кедергі, Абайдың өмірбаянын Әуезов арқылы білгенмен, оның заманындағы саяси сырды, құпияны білмейміз. Осыны ашпасақ, Абайдың 18 жыл болыс болғанын, содан қалыптасып үкіметке қарсы шыққанын түсіне алмаймыз. Ресей бізді қол астына алғаннан кейін экономикалық жағынан меңгерді. Сонымен бірге идеологиялық жағынан меңгеруге күш салды. Оған миссионерлерді жіберді. Ильинский бастаған топ келді. Олардың мақсаты бізді шоқындыру, сол арқылы орыстандыру еді. Кейін шоқындыруды қойғанмен, орыстандыру саясатын ұстап қалды. Осыларды білу үшін Абай өмірінің тарихына терең үңілуіміз керек. Бұл Абайды танудағы бірінші кедергі болып отыр. Абай қайдан шықты? Оны билікке араласқандағы қатынасы қандай болды? Абай биліктен де, бопсыстан да бөліп шықты. Бұның астарында үлкен бәле жатқанын көрді. Ол қандай бәле? Батыс-Сібір генерал-губернаторы патшаға жазған хатында айтады: «Қазақтың даласында сексеуіл деген ағаш өседі. Шеге қақсаң кірмейді, балтамен шапсаң жарылмайды. Бірақ өзін ғана бір қатты нәрсеге ұрған, быт-шыт болады екен. Біз осыны қазаққа қолданыш». Міне, Ресейдің саяси басты сызығы осы болып келе жатыр. Сөйтіп бір кедергіні ашық. Одан құтылдық.

Енді екінші кедергі шықты алдымыздан. Абай өзінің өлеңдерінде әсіресе қара сөзінде исламтанан келген терминдер ендіреді. Біз оны оқымыз да түсінбейміз. «Ақыл мен хауас барлығын, білмей дүр жүрек, сөзе дүр, Мүтәкәллим, мантикин, Бекер босқа езе дүр» дейді. Түк түсінбейсің, Содан «хауас» деген не деп

іздейміз? Сөйтіп, хауасын таптым, мантикин, мутакәллим таптым. Содан ішіне кірдім. Абайдың дүниетанымы дәл осы жерде тұр екен. Бұны философтар діни өлең деп, аузына алған емес. Негізгі бұрылыс осы жерде жасалынады. Абай неге мутакәллимді, мантикынды терістеді? Бұл бір кедергі исламның ішінен шыққан ағымдар. Мутакәлимдер гректердің философиясын исламмен байланыстырып дәлелдейтін. Міне, Абай соларға қарсы екенін осы өлеңдерінде білдіреді. Екінші кедергіні алдық. Енді үшінші кедергі қалды.

Бұл – Абайдың дүниетанымы. Абайдың дүниетанымын біздің философтар атеист, материалист деп түсіндірді. Ал үшін мәнінде Абай атеист те, материалист те емес екен. Дағдарысқа түстік. Енді қалай шығамыз? Бұрынғы жолмен біз ешқайда шыға алмаймыз. Бұдан шығу үшін ұлы санаға бет бұрамыз. Кванттық физика өкілдері материяны мәңгі деп сенетінбіз деп ағынан жарылды. Сөйтсек материя мәңгі емес екен, өзгереді екен. Ол да сананың жемісі екен. Осыған көзіміз жетті деді. Сөйтіп олар өздерінің бұрынғы атеистік, материалистік жолдарын терістеп, ұлы санаға келді. Квант өкілдері бізді энергетикалық өріс қаптап тұрғандығын айтты. Бұл өріс бүкіл дүниені Апланың құдретімен білеп отыр. Бұл энергетикалық өріс бізге әсер етеді, оған біз әсер ете аламыз. Мысалға, біз бәріміз жақсы тілекпен, адал жүретін болсақ, ана жақ нұрланады. Одан кейін жерге жақсы дүниелер келеді. Ал енді бәріміз аяны өлтірейік, аяны алдайық дейтін арам ойда болатын болсақ, ана жақ түрленіп, бізге белгі береді. Жер сілкінеді, я болмаса жанартау атылады. Кейде су тасып кетеді. Сонда біз тікелей байланысты екенбіз. Энергетикалық өрістің арғы жағында ақыл иесі тұрады. Ендігі жол соған қарай кетті. Міне, философтар осы мәселені ашып беретін болса, үшінші кедергі алынады. Ол болмаса әзірше үшінші кедергі алынбайды».

Абайтанушы ғалым қазаққа ең бірінші ұлттық санасы оянған тұлға Дулат Бағабайұлы екенін, кейін Абайдың да ұлттық санасы тұтас Алашты оятқанын айтты. Тіпті, қазақтың патша билігі қол астында отырып жеке автономия құру идеясы Абайдан бастау алғанын тілге тиек етеді. Мұхтар Әуезовтің «Абайды танудың бір жиыншылығы – ол өмір сүрген заманды білу» дегеніне сүйенген Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың білімін үйрену керек деп санаған орыс билігінен не үшін біржола күдерін үзгенін келесідей түсіндіреді:

«Абайды орыс билігінен бірқолата күдерін үздірген бұл 1902 жылы Николай патша ІІ-нің жазған раскривт еді. Басқа құжаттарды патшаның қол астындағы қызметкерлері жазды да, патша тек қолын қойып береді. Ал раскривт патшаның өзі ерекше мән беріп, аса құпия жағдайда өз қолымен жазды.

Осы 1902 жылы жазылған раскривте патша «Қазақтарды тез арада орыстандырып, шоқындыру керек. Көнебесе, жер бетінен жойып жіберіңдер» деп бұйрық берді. Осы аса құпия бұйрықты Думаға депутат болған Шаймерден Қосшығұлов қолына түсірді. Сөйтті де, оның екі көшірмесін біреуін Абайға, екіншісін Мәшһүр Жүсіп Көпейге салып жіберді. Басқа да қазақтың зиялы қауымдарына, бас көтерер азаматтарына хат жазып,

өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» деді Мемлекет басшысы. Абай айтқан «толық адам» деген кім? Қазақ айтса «толық адам» деңгейіне жетеді? Бұл сұрақтың да жауабын абайтанушы айтқан пайымнан іздейді.

Абай өлеңінде Абайдың «толық адам» түсінігіне алмадым» дейді Мекемтас



жағдайды түсіндірді. Алайда мұны патша үкіметінің адамдары біліп қойды да, бүкіл жандармерия, губерния басшылары Абайдың қолындағы аса құпия раскривтті алуға тырысты. Абайдың үйін тіпті. Бірақ ол хат Ақылбайдың үйіне болып шықты. Ақылбай «мен бұл қағазды темекі орауға алып едім» деді. Абайдың сенген бір тірегі бар еді, «орыстың тілін білу керек, мәдениетін үйу керек» деген. Осы тірегі құлады. Абайдың құса болғаны осы жайт. Ақын өлер сәтінде үш-төрт күн ешкіммен сөйлеспей, батысқа қарап жатып алғаны да осы себептен».

«АБАЙДЫ ТҮСІНІП КЕТСЕҢ, АБАЙТАНУДЫҢ КӨКЕСІН КӨРЕТЕСІҢ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Толық адам» тұжырымдамасына тоқтады. «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделейміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шырдап келгенде,

Мырзахметұлы. «Оның Абайдың өлеңдерінде, қарасөздерінде, шығармашылығында шашылып-төгіліп жатқанын өбден бірін зерттеп барған соң көрдім. 20 жылдай зерттеп, таны бастадым. Студенттік кезде Әуезовті үнемі сыйға алып жататын. «Ол мынадай теория шығарып жатыр» деп жақтырмай отыратын. Абайды оқығанда, Әуезовтің ол теорияларды қайдан шығарғанын түсінгем. Көп ойдың бәрін Абайдың өзі айтты, Мұхтар Әуезов оны тек қайталаған. Негізінде, Абайды түсіну өте қиын. Оны түсініп кетсең, абайтанудың көкесін көрсетесің. Абайдың «жан тану» деген өлеңі бар, оған алды ешкім барған жоқ, Шәкәрім Бұраз дәмшын кетті, бірақ Еуропа оған жеткен жоқ. «Еуропа жанды білмейді, Еуропа иманды білмейді» деген Мағжан. Олар иманды білмейтіні ешнәрсеге сенбейді. Сондықтан да иманды білмейді. Жанды білмейтіні неге? Олар жанды бір материализация деп қана біледі. Адам қазір өмір сүрді де кетті дейді. Жан мәңгілік екенін, өлмейтінін білмейді.

Осы ұғымдардың өзі қандай даналықпен айтылғаны Абайдың ғұламалығында жатыр».

Негізінде «Толық адамды» түсіну қаншалықты қиын болса, оны жастардың санасына сіңіру де оңай дүние емес. Бірақ профессор айтқан мына оқиға қоғамды Абай айтқан ізгілікке бастайтын анық.

«Ташкентке кейін барғанда басылып, тазаланып бардым. Ол кезде «толық адамды» меңгергенмін. Сырдария институтына барғанда өзімді тазға ұстауға тырыстым. Сонда декан, проректор болдым. Ақшаны қалшықтап алуға болар еді. Мен алмадым. Себебі менде Абай болды. Адамды тазартудың құдіреті бар екенін өзімнен көрдім. Аңдай вагон-вагон ақша келетін жерден аман шықтым. Себебі Абайдың інімі тазалады. Біз өсіп келе жатқан жастардың бәрін осылай тазалауымыз керек. Балаға мақтап, жолдарының бәрін көрсетсек жөн болады. «Бес нәрсеге асып бол, бес нәрседен қашық бол» деп айтып отырамын. Міне, осылай сабақ бастаймын. «Араларында «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, Бекер мал шашпақ» бар ма?» деп сұрағанда, олар «Бар ғой» деп күліп отырады. Біліп отыр. Енді оны қайтп құртатын, сол жағын айтатын. Содан барып «толық адамға» алып келеміз. Оны бірден қабылдау қиын. Себебі қазір күрделендірмей, оңайлатып схемаға келтірдік. Балалар оны тез түсінеді, әйтпесе, оны оқып ала алмайды. Кітап жазып, оңайлатып бермесек, тым күрделі. Мұның құдіреті осында болып тұр. Себебі халқымызды рухани тазалауымыз керек. Бәріміз періштеміз деп ойландыраң, бәріміз адамдармыз. Бізде күннен бәрі бар. Содан аралымыз керек. Оны біз өзімізді емес, жастардың бойына сіңіруіміз керек. Өсіп келе жатқан солар ғой. Оларды тазартып алсақ, қоқиштың бәрі өз-ақ кетіп қалады» дейді абайтанушы.


Абай өлеңін танып өзінің бірінші қолынан келмейтінін алдыңғы бұын дәлелдеді. Десе де бұл тақырыққа құлаш сермеп, тереңдеті зерттеген ғалымдар аз емес. Сөйкесінше ақын жайлы дерек те көп. Әрқайсысы аңыз адамды жаңа қырынан танытады. Соның арасында белгілі сыншы Тұрсынжан Шапайұлы Абайдың шығармашылығына не үшін кеш келгенін былай түсіндірді: Абай қырықта болатын... Шығармашылықта «ерте ашылатын, кеш ашылатын индивидуумдар болады» дейді ХХ ғасырдың ұлы ақындарының бірі, әйгілі әдебиет теоретигі, сыншысы Т. Элиот. Жалпы, ол кісі айтпаса да белгілі жай. Сирек те болса, кездесетін шындық. Уитмен отыз жетісінде «кенет» ұлы ақын болып оянады. Шығармалары сопылық поэзияның шыңы болып есептелетін Жалааладин Румидің қалпын жатқан ұлы дарыны қырықтан аса бәре дүр сілкінеді... Абай ақындық өнерге мән бермей немесе «дайындықпен» жүріп қалды дегенге сенбеймін. Рас, пісіп-жетіп деген де бар шығар, бірақ, анығында, табиғи гений, көзі келгенше, күні тұтанша көзін таппай тұмса жағатын құпия қуатқа ұқсайды. Бұйрықты күні өзі ашылады, я бір түрткі оятады. Қырықтағы Абайдың өлеңге келуі – өзінің құдіретті тегеурінінен қалерсі, тынық жатқан телгейдің омыс төселіп кеткендей, қорданың астында бұлып жатып қоздаған шұқтың алапты айқара лап қойған алапат өртіңдей орасан құбылыс... Ғажайып тауар, керемет көлдер – бір кездері жер бетінде болған ұлы апаттардың салдары. Геней де сондай бір рух сілкінісі. Қазақ санасының жана рельефин жасаған Абайдың шығармашылық жақыры да осы бейнелі».

Абай – Гималай. Қазақ дана да, дара тұлғасын жер бетіндегі ең биік тауға теңеген. Өзірге шыңына шығып, биіктікті тану – өлге парыз. Осы тұста абайтанушы айтқан мына мәселе өзекті болып қала бермек: «Ендігі ұлкен кедергі – Абайдың дүниетанымы. Қазіргі философиятардың бұған шамасы келмейді. Өйткені олар еуропалық жүйемен даярланған, материалистік, атеистік көзқарастан арылмаған. Мына тақырыпқа даярлығы жоқ. Бұл тақырыпты бір ашса, арапша, парсыша, түрікше, яғни, исламиятты терең біліп жастар ашсады. Солардан үміт күтеміз».

Жалғасы. Басы 1-бетте

Медет УСАИН, Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының басшысы:

МЕН БАЙДЫҢ БАЛАСЫМЫН



- Жаста болса, үлкен жобаларға атсалысқан боларсыз.

- Әрине, аспаннан топ ете қалғаны жоқ, 2014 жылы Қырымбек Елеулы басқарған тұста төрт аудан мен Байқоңыр қаласын газдандыру жобасы басталды. Бөлімге көмек көрсет болған соң және басылар сенім білдірген соң сол жобаман жұмыс істедім. 2014-2015 жылы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының газдандыру бөлімінде басы болдым. Бір жылдан соң аталмыш басқарма басысының орынбасары қызметіне тағайындалдым. Араға тағы бір жыл салып, басқарманың басшысы болдым. Оқып отырған адамға арадағы бір жыл аз уақыт секілді. Бірақ мен үшін мол тәжірибеге толы болды. Энергетика басқармасында үлкен жұмыстарды атқардық. Үлкен мәселелер қаралды. Облысты ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жетістіктерге жеттік. Халықтың жалпы 98 пайызы орталықтандырылған ауыз суға қосылды. 2014 жылы «ҚазТрансАймақ» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Жаңақорған және Байқоңыр қаласын газдандыру жұмыстары жүргізілді. Алайда бұл газ бағасының қымбаттауына әкелді. Қалған аудандарға газ апаруға «ҚазТрансГаз» АҚ жоба ұсынды. Бірақ бұл келіспедік. Мен тағайындағандарда Қырымбек Елеулы «ең бірінші мақсатын» - Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарын газдандыру» деген болатын. Қалған аудандарды облыстық бюджет есебінен құжаттарын әзірлеп, республикалық бюджеттен қаржыландыру үшін жұмыс істедік.

- Біздің білуімізше, қазір бұл үш ауданда басқа мекеме эксплуатация жасауда. Бұл қалай?

- Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарын газдандыру үшін газ құбырларын эксплуатациялау сурағы туындады. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бұл жұмыстарға бір жылға облыстық бюджеттен 700 млн-нан аса қаржы сұрады. Халықтан жинайтын қаражаты тағы бар. Республикалық бюджеттен бөлінген 15 млрд қаржыға құрылысын біз жүргіземіз. Бұл біздің аймақ үшін тиімсіз болды. Сондықтан келіспедім. Облыс әкімімізге қарасты «Қызылорда «газ тарату жүйесі» мекемесін құру қажет деп шештім. Тиісті министрліктермен жұмыс істеп, елімізде алғаш болып лицензиясын алдық. Тариф бекітіп, жергілікті халықты жұмыспен қамтып отыр. Салық та облысқа төленіп. Облыс бюджетінен де қаржы бөлінбейді. Өз

Р.С. Медеттің жұмыс үстелі еліміздің жер туралы заңдары мен кодекстер жинағына толып тұр. Алғашқысын ашып, таманыңды бастапты. Қайырып қойған. Жас та болса, мемлекеттік қызмет жауапты міндеттерді жүктейтін Медет жақсы білетінін аңғардық. Бұл қызмет құқықтық сауаттылық пен тәртіпті, қарапайымдылықты, ар-мынсыз тазалығын талап етеді, бұл қасиеттерде де жас мемлекеттік қызметшінің бойынан табылады. Біз замандастары, Медет Усаин еліміздің жарқын келешегі мен халықтың ал-ауқатын арттыру жолында аянайы еңбек етеді деп сенеміз.

алдына жеке мекеме жұмыс істеп жатыр. Бұл қадам біздің аймақтың қаржысын үнемдеуге септігін тигізді. - Өткен жылы пандемия уақытында жұмылдыру басқармасында болдыңыз. Қандай жұмыстар істедіңіз? - Карантиндік шектеулер кезіндегі ауыртпалық жұмылдыру дайындығы басқармасына да түсті. Бүкіл Қызылорда қаласына кіретін жолдарға блокпост қою жұмылдыру басқармасына тапсырылды. Күн-түні сол басқарманың қызметкерлері үйлеріне қайтпай, блокпосттарда жұмыс істеді. Көшені запалсыздандыру, қоғамдық тәртіп үшін әскери қызметкерлерді тартып, қаржыны тиісті бөліп, дұрыс жұмыс істесін деп жіберді. Сенімін ақтаған шығармын.

- Сырттан қараған адамға басы болу оңай, орынбасары мықты болса болды. Сіздің ойыңызша басы деген кім? - Мемлекеттік қызметте басы - жұмысты дұрыс ұйымдастыра білетін, қандай жағдай болса да оң шешім қабылдай білетін адам. Менің ойым халықпен бірге халықтың жағдайын ойлау. Басы болу оңай емес. Әр сатыдан өткен сайын түсінгені, басының өзі жұмыс істемесе, орынбасары қанша жерден мықты болса да ұжым іспері басылады. Басы жұмыс ашып жұмыс істеу керек. Қызметкерлерін қорғай білуге қажет. Бірге жұмыс істеп, мәселелерді өрінбей зерттеп, ұсыныстарын арттырып, тиімді тиісті тапсырмаларды беруі керек.

-Лауазымына мамандығы сай келмеді деп сынап жатыр. Сынды қалай қабылдадыңыз? - Шынымен де жер туралы білімім жоқ. Білімім - құрылысшы, қаржыгер. Мен тек жұмыс үйлестірушімін. Бұған дейінгі істеген жұмыстарыма қарап, сенім білдіріп әкелген шығар. Әлеуметтік желідегі сындарды оқыдым. Жас адам жалқау, қабілетсіз деген сөз емес. Мемлекеттік қызметте бір кісідей тәжірибе жинап келемін. Сын айттым екен деп жеке басына өтіп кету дұрыс емес.

- «Жітілме жеті өнер де аз» деген біз білмейтін Медеттің қандай өнері бар?

- Бос уақытыма спортпен шұғылданамын, футбол ойнаймын. Баспейне жүзуге барамын. Ана тілімнен қатар орыс тілін жетік меңгередім. Отбасыма көңіл бөлемін. Үш балам бар, солардың тәрбиесіне қараймын.


- Алға қойған мақсатыңыз қандай? - «Еліміздің табысқа жетуі мен гүлденуі көп жағдайда сіздердің жемісті жұмыстарыңызға байланысты. Сіздер алдағы уақытта да мемлекетке мүлтіксіз қызмет етіп, халқымызға адал еңбек ететіндеріңізге сенімдімін» - деді Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздің барлық мемлекеттік қызметшілеріне. Менің мақсатым - дұрыс жұмыс істеу, тәжірибе жинау, қызмет сатыларына лайықты көтерілуі.

- Өңіміңізге рақмет, замандас! Сәттілік!

- Сіздерге де көп рақмет!



ШЕКТЕУГЕ ШЕКЕДЕН ҚАРАЙТЫНДАР КӨБЕЙГЕН




Бүгінде көпшіліктің көңілін күтті етіп отырған коронавирус індетінен сақтандығы ең тиімді жолы - тәртіпке бағыну екені айтылуда. Дегенмен күн өткен сайын шардарға эпидемиология құрделенуде. Соған сай кәсіпкерлік нысандар да темірдей тәртіпке көшен. «Ashyq» қосымшасы арқылы шаруаларын тиянақтаған кәсіпкерлер жобаңғын қиын жағдайға көмегі мол екенін жеткізуде. Себебі қосымша нысанға кірмек болған ресми тіркелген вирус жұқтырушылар мен олармен қарым-қатынасқа болғандарды анықтауға мүмкіндік береді.

Десек те кейбіреулердің тәртіпке бағынбай, шектеулерге шекеден қарайтын жағдай да белгілі болуда. Санитариялық-эпидемиологиялық департаменттің берген мәлімет бойынша өңірде «Ashyq» жобасы енгізілген бері 132 факт тіркелген. Олардың 47-сі «қызыл», 85-і «сары» мәртебеге ие азаматтар. «Қызыл» - нақты вирус анықталған, 14 күн оқшаулауға жіберілген азаматтарға беріледі. «Сары» мәртебесі вирус жұқтырған азаматтармен қарым-қатынасқа болған жандарға беріледі. Аталмыш екі санаттағы азаматтарға қоғамдық орындарға баруға тыйым салынған. Бірақ бұл талапты сақтамай ережені бұзғандар нысандардан табылуда және оны анықтауда кәсіпкерлер «Ashyq» қосымшасының маңыды рөл атқаратынын ақта тартады.

Қаланың бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Ерлан Узақбаев қоғамдық орындарда жүргені анықталған 12 азаматтың ержақысына 30 АЕК немесе 87 510 теңге көлемінде айыппұл салынғанын жеткізді.

Қазіргі таңда аймақта 519 нысан «Ashyq» жобасы аясында жұмыс істеуде. Жоба аясында ісін алға жылжыттып отырғандардың 50 пайызы кәсіпкерлік нысандар болса, қалғандары ертіп қатысушы ұрымдар. «Ashyq»-ға тіркелген нысандардың 242-сі Қызылорда қаласына тиесілі. Аудандар арасында Арал, Қармақшы, Қазалы, Шиели аудандарының кәсіпкерлері мен өзге де ұйымдары «Ashyq» қосымшасын белсенді қолданады.

ГАЗ БАҒАСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНДІ



Қызылордада автогаз құю станциясында сұйытылған мұнай газы бағасының негізсіз өсуі белгілері анықталды. Қазақстан Республикасы Басқөлекестігі қорғау және даму агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті агенттіктің тапсырмасын орындау мақсатында биылғы жылдың қаңтар-маусым кезеңіне Қызылорда облысы бойынша автокөлікке құю үшін сұйытылған мұнай газын бөлшек саудаға өткізу тауар нарығына талдау жұмысын жүргізді.

Талдау барысында биылғы жартыжылдықта «Автогаз Трейдін» ЖШС, «ЖШС «Қызылорда-Газ» ЖШС, «Auto Gas Station» ЖШС, «Galaxy Oil» ЖШС, «Турангаз» ЖШС, «Арал Газ» ЖШС, «Invadom» ЖШС, «Қызылорда Мұнай Өнімдері» ЖШС, «Байқоңыргаз» ЖШС және «Азия Өндірістік пром» ЖШС Қызылорда облысы бойынша (қала мен аудандар бөлінісінде) сұйытылған мұнай газының бағасын бір негізге ұстап тұру арқылы бөлшек саудаға өткізуді жүзеге асырған.

Осылайша бұл нарық субъектілерінің әрекеттерінде аталған кезеңде автокөлікке құю үшін сұйытылған мұнай газын бөлшек саудаға өткізу нарығында бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттердің белгілері анықталды.

Баяндалғанын негіздеп, департаментінен ҚР Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзшылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау туралы, атап айтқанда, сұйытылған мұнай газының бағаларын төмендету арқылы оларды белгілеу және ұстап тұру бойынша келісілген әрекеттерді тоқтату туралы 8 хабарлама шығарылды, сондай-ақ, агенттікті Нұр-Сұлтан және Шыммент қалалары бойынша департаменттеріне осы аумақта тіркелген 2 нарық субъектісіне хабарлама шығару туралы хат жолданды. Бұл хабарламалар 30 күнтізбелік күн мерзімде орындалмаған жағдайда, осы нарық субъектілеріне қатысты тергеу-тексерулерді жүргізуге негіз болады.

Қазіргі уақытта жоғарыда аталған нысандар хабарламалары орындалу мақсатында сұйытылған мұнай газының бағасы орта есеппен литріне 83-89 теңгеден 73-80 теңгеге дейін төмендетілді. Бұдан өрт департамент автогаз құю станциясы арқылы өткізілетін сұйытылған мұнай газының бағаның негізсіз көтерілуін бақылайтын болады.

АЙЫНА 200 МЫҢ ТЕНҒЕ ТАБЫС ТАБАМЫН

Көбіне кәсіпкерлер айына қанша табыс табатынын айта бермейді ғой. Ал «Бастаудың» түлегі Гауһар Жаңабәева айына 200 мыңнан артық табыс табатынын ашық айтып отыр. Осындайда жастардың дені кәсіпке бет бұрып жатқандығы қуантады. Бүгінде жеке кәсіпке бет бұрушылар қатары көп қой. Оларға «Бастау» жобасының көмегі көптеп тиіп жатыр. Себебі аталмыш жоба арқылы кәсіпін дөңгелетіп жатқандар жетерлік. Гауһар - үш баланың анасы. Ол бір жұмысқа анықтеліп, бір табыс кезіне қарап отырғанды ұнатпайды. Сондықтан да жан-жақтылықты ұнатады.



Гауһар бала кезден тігіншілікпен айналысты. Майда-шұйде киімдерді тігіп, қызығушылығы артты. Одан кейін орақ тігіп, көрке-көрпешенін тысын оюлап, өрнектей бастады. Тігіншілік икемі бар, қызығушылық таңытатын адамдардың ғана қолынан келетін белгілі. Ал Гауһар тігін түгден жалыққан емес. Ісмер келіңшек тігін тігу арқылы ойының

тынышталатынын, шаршағаныңды басыпатынын жеткізді. Орныне сүйікті ісімен айналысқан адамның жаны тыныш болары сөзсіз. - Мамандығым бойынша отбасылы болғанша 7 жыл жұмыс істедім. Іс-қағаздарыммен айналыстым, мұнан өзге мәтін теру, слайд жасау секілді компьютерлік қызметтер көрсеттім, қосымша

тойларда жедел суретке түсірумен айналыстым. Жетілік бизнеске де нәтиже көрсете алдым. Кейін тұрмысқа шыққан соң жаңа ортаға бейімделу, үйдің тірлігі, бала күтімі секілді міндеттермен қосылған соң барлығын тоқтаттым, - деген Гауһар Жаңабәева араға алты жыл салып, кәсіпке қайта келгенін айтты. Бала күтімінде аралдық

келіңшек өзінің тігінге икемі бар екенін ескере келе, кестелен тігуді қолға алады. Ол үшін жолдасы шет елдік әріптесімен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін алғашқы тігін машинасын алып береді. Аталмыш тігін машинасымен тапқан табысының басын құрап, бір жылдың ішінде қазақ тілінің алфавитіне негізделген жаңа тігін машинасын сатып алады. - Кәсібім жүре бастағанын көрдім. Бұл машина да маған азық етті. Сонымен елдің аузында жүрген «Бастау» жобасын жолдасымы екеміз зерттеп, қатысамын деп шештім. 1 ай оқып, біліктілігімді жетілдірген соң қайтарымсыз қаржы алу үшін жобамды қорғадым. Нәтижесінде 505 мың теңге грант алып, тігінге керек құрал-жабдықтарымды түгендеуге мүмкіндік алдым, - дейді кәсіпкер Гауһар. Жас кәсіпкер «Бастау» жобасының тұтынушымен жұмыс жасап, түрлі есеп тапсыруда айтпайтынша көмек болғанын жеткізіп отыр. Ол «Бастау» жобасына дейін бұл

қызметтерді ақылы тапсырып келген екен. Бүгінде Гауһар Жаңабәева тойға арналған бұйымдар мен жас нәрестелердің киімдерін кестелеу қызметін көрсетеді. Әсіресе нәрестенін перзентханадан шыққанда киетін киіміне баланың атын кестелеп беруі сұраушылар көп екен. - Жақында тұтынушылардың сұранысын ескере келе киімдерге жазуды болаумен салуды, кружжаларға сурет салу секілді қызметтерді енгіздім. Жалпы қазіргі кәсібім Арал ауданындағы жоғары сұранысқа ие. Айна орта есеппен 200 мың теңге табыс табуға мүмкіндік беріп отыр. Еңбектенгенім нәтижесінде көруге болатынша нақты көмір жетті. Тапсырысты уақытылы орындау үшін келеді уақытын санаспай жұмыс жасауға тура келеді. Алда қосымда ұлғайтып, жаңа қызмет түрлерін қосқым келеді. Ол үшін қазір жобамды әзірлеп жатырмын, - дейді Гауһар.

Мәлідрі САБЫРЖАН

ҚҰТ ДАРЫҒАН ҚҰДАЛАР

«Жамал Айдаулетова есімді досымыздың тойына бардым. Бәрі мәре-сәре болып қуанып жүр. Кенет көзім бұрышта онаша отырған бір сұлу қызға түсті. «Қарындасым-ау, қарның ашып қалар, жесеңші?» деп қасына жақындадым. Дәмді тағам ұсынып, қызға қызмет қылдым. Аралдың Сөксеуіл деген жерінің қызы өкен. Жеті сайын Сөксеуілге тартып отыратын болдым. Осылайша қыз ауылын жағалап екі жыл күттім» деп бастады өңгімесін Жанқожа ақсақал. Дәмәгүл әжей де өткен шақты күлімдеп еске алды. «Ол кезде қазіргідей мәдени ошақтар жоқ, тек бір ғана клуб. Мән теміржолда уақытша жұмыс істеп жүргенмін. Жәкең келген бойда теміржолшылар асханасына баруға асығады. Себебі өзі жұмыстан шыға сала маған қарай асыққан, қарны ашып тұрады. Сыр білдірмегенімен, мен сөзіп тұратынымын. Қасымда құрбыларым бар. Қайда барсақ та бірге барамыз. Кейде ол да жора-жолдастарын ертіп келеді. Бірде Аралдың өзіне құрбыларымен театрға шақырды. Кино біткенше кіріп-шығып, жігіттер сыр білдіріп қояды. Театрдан шыққан бойда мотоциклге отырызып алып, қыздарды вокзалға емес, аудан орталығына қарай тартты. Мен сөзім, алып қашып бара қатқанын. Жәкеңмен сөйлестім, «сен олармен емес, менімен тұрасың ғой, кұт» дедім. Жәкең келісіп, вокзалға апарып, поезға ренжіп жатыр, көліп тұрған қызды алып қалмадың деп. Осылай достарының қайрауымен екі рет алып қашпақ болды. Дегенмен маған деген сөзіміңің шынайылығы шығар, күтті. Алдыңғы апарымыз тұрмаған еді. Маған «кідріе тұр, апаларың тұрмысқа шықсың дедім», сонымен екі жылдай тәртіпке бағындым», – деп еске алды апамыз.



Жарасымды жұп алты перзент сүйді. Ұлдары Тобылбай мен Сұлтанай, Дәурен бүгінде өз саласының мамандары. Ал қыздары Жаңағұл, Фарида, Венера да тұрмыс құрып, ана атанып алды әке болып отыр. Ұлдар уаға, қызды қияға қондырып, немерелердің ортасында, шөберені иіскеп, жастық шақты еске алған қандай ганибет! Ұлағатты ұлаңың шаңырағына арнайы барып, қызықты әңгімелерін тыңдап қайттық. «Қызды ерінен тыс жылатай апарғым келмеді. Өйтпін барған соң үй болу қиын ғой. Сыйластық суып кетеді. Маған деген сеніміме де сөлкеу түсірмей, қанша күт десе де күтуге шешім қабылдадым. Бұйырған күні, уәделі уақытта шаңырағымға апарып түсірдім. Отасқан жылдары ауылда үлкен үйде тұрдық. Бізден кейінгі ағайындардың балалары үйленсе болды, келіншекті біздің үйге әкелетін. Тарылу, қабақ шыту дегенді білмейміз. Барымызды шығарып, тойларын жасап, елдің бастасын алып береміз. Үйленетін болдық деп қызын ертіп келетін иілерміз көбейді. Бірде бір жиен келіп тұр, келіншек алып, жеңгелері: «қарактарым-ау, өз үйіңізді, ата-аналарың бар емес пе» десе, «аға, жеңге сіздердің үйіге түскен келін жақсы болып, жастар бақытты болып кетіп жатыр» деді. Бұл сөзге екеуіміз де сық ете қалдық. Осылай көптеген жастық шаңырақ құруына сөзбө болып, батамызды бердік. Өз балаларымыз өсе бастаған соң, оқытайық деп қалаға қоныс аудардық. Алпаға

шүкір, қазір бәрі білім алып, қызметтерін істеп, бір-бір үй болып отыр» дейді Жанқожа ата. «Жас отбасы болған соң жокты да, барды да бірге көрдік. Тығыздық таленет сәттерде үлкендердің кеңесіне жүгінетіміз. Жәкеңнің апасы Лайық пен жеделсі Жеткерген Орабаева және менің туған апам Қуаныш мен жедем Бәку іздегенде өрекс қасымыздан табылатын. Солардың демәуі, жас отбасымыздың аяқтан тұрына үлкен септігін тигізді», – деп апа-жездемізін алысын білдірді. Ерекше айта көтерлігі, жарты гасыр бойы бұл жұп бір-бірімен мүлде ұрысып көрмеді. Қандай жағдай болсын бір-біріне дауыс көтермей, сабырмен шешеді екен. Алты баланы жеткізген асыл жандар бүгінгі жастар туралы да пікірлерін білдірді. «Қазақанды. Сабырмен байланы барып мәселені шешу деген жоқ, тасыр-тұсырын шығарады. Қиындыққа, жоққа шыдамайды. Несібеңнің бәрі еңбектен келеді ғой. Екеуі де еңбек ете, үйге де берсе кіреді. Баршылық еңбектен келетін түсіну керек. Сен аз табасын, мен көп табатын деп есептері күшті. Санаусы отырады. Жас отбасылардың жақындары да материалдық қолдау бірідере алмас, өзі жастың арасына түспеу керек» дейді Дәмәгүл апамыз.

Отырған келінді ерекше айтуға да жөн. Ұлағатты ата-енесі бар, Римның да ақылды, ибалы келін екені даусыз. Жанқожа ақсақал отасқандарына 63 жыл болған құдалары туралы мақтаншып айты. «Кіші қызым Венераның ата-енесі Құландыда тұрады. Ақылды құдаң – құрласың, ақылды құдағың – сырласың емес пе, қазақтың «Асауды – ноқта, құданы – құдай қосады», «күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық» деген нақылда зор мән бар. Құдаларымыз өсіп-өнген, ұлағатты жаңға. Венера қызымың отбасы болуында ата-енесінің еңбегі зор» деп жақсы жермен құда болғанын жазырмады. Біз аралдың Құланды деген жеріндегі Қуаныш ақсақалға хабарласып, жағдай сұрап, мерейтойымен құттықтадық. – Алло, естіліп тұр ма, – деп сөзбеннен асса да, Садуақасов Қуаныш ақсақал бізбен өмен-жарқын әңгімелесті. Қызыналы қарияның жары Сарыалтынмен отасқанына жарты гасырдан асыпты. Еңбек жолында Арал теңізінде балықшы-моторист болып, Құланды жылғы зауытында жылғы баққан. «Еңбек ері» тәселбісің алып, стахановшы атағың да иеленген.

Р/С: Бақтымен еңбектен, бір-біріне деген сеніммен, махаббаттан тапқан бұл екі жұп – бір-бірімен байырғы құдалар. Бағыберген мен Венера отап құрғалы жиырма жыл бойы жарасымды таусыстық үлгісіні көрсетіп келеді. Құдаларың өмірі өнегесе толы. Сарқылмас сезім, сызға түспес сенім мен мөлдір махаббат – ұлағатты ұлаңың тірегі.

Гұлбану МАҚАЖАН

БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

Қазақ ұғымында ер адам – түзін адамы. Ұлқи табыс табу үшін сыртындағы ауыр тірілік, еңбек күші бәрі ер адамның қолында тұр. Ал үй ішіндегі, қазан-ошақ қасындағы жеңіл жұмыстар әйел затына тән. Дегенмен дамыған еуропа мәдениеті санаға сінді, ер мен әйелдің орны қайсы екені ажыратылмайтын халге жеттік. Әйел мүддесін қорғаймыз деп тіпті шекарадан шығып кеткен сияқтымыз. Тіпті отбасындағы ер адамдардың міндеті туралы пікірлердің алуандығынан кейде ой қайшылықтары туындайды. Ал сарапшы М.Қабақова: «Зерттеушілердің айтуынша, еркектер рөлдің дағдарысқа шығуының бірнеше себебі бар. Бастысы, ерлер мен әкелердің бастапқы беделі мен мақсат-міндетіне сәйкес келе алмауы. Күйеуі мен әйелі отбасындағы өздерінің рөлін, кімнің неге жауап беретінін жіті түсіну жазет. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың екеуі де өздерінің отбасылық рөліне қанағаттанушы шарт. Бұл шаңырақтағы үйлесімділік пен тұрақтылыққа келіп болады», – дейді.

Абайтанушы Омар Жәлел дәстүрлі тәрбиіде бала анасының мейірімділік пен даналықты сінірсе, әкесінен ежеттік, баталық сияқты қасиеттерді бойына сініртіп өскен дейді. Ал тарих пәнінің мұғалімі Айнур Досжанова дәстүрлі қоғамда тәрбие алған азаматтардың отбасының керексі мықты болатынын айтады. – Қазіргі уақытта отбасындағы әкесінің орнын оның табысы айқындайтын болды. Беделді әскертін – ақша. Алайда халықтың көбі – көдей. Табыс табыяң десе, ауылдық жерде жұмыс жоқ. Ақырша да осы мәселеден келіп туындайды. Ал табыстан бөлек ұлт тәрбиесінде әкесінің рөлін еш мектеп ауыстыра алмайды.

Бала тәрбиесіне көбіне аналар жауапты деп жатамыз. Бірақ ата-әжелеріміз тәрбиені, өнегелі баланы көрсе, теңге тартқан, әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала деп баға беріп жатады. Осыдан-ақ өкенің бала тәрбиесіндегі рөлін аңғаруға болады. Атадан-балаға мұра болған бабалар сабақтастығы бүгін жойылып барды. Ошақ қасындағы ерлер саны да ортуда. Мұның себебін саралап көрсек.

Әкесінің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі – баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Әке балаға жолдас ері сыртлас болу керек. Ол өрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен анықтасады, – дейді №233 Ж.Нұрсейітов атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Айнур Ерғешқызы. Қоғамда отбасы құндылығын насихаттап жүрген Зейнеп Ахметова ерлердің бойындағы ежеттілік жоғалып бара жатыр деген пікірде. – Қазір ер-азаматтардың көбі ынжық. Масылыққа үйренген. Көшеде өзін-өзі жұмысқа жұгеу сатып отыратындар бар. Бғылай қарасаң, тепсе темір уағи азаматтар. Сопағар қарап, намысын келеді. Бұрындары өзінің тауып келгенін әйел үйде ұқсатып, ағайын-туған



арасындағы ынтымақты сақтап, балаларын тәрбиелеп отырған. 90-жылдарда бұрынғы қоғамдық құрылыстың бой-бойы қақырап, іргесі өгіліп, шаңырағы ортасына түскенде ер-азаматтар жұмысыз қалды. Талайы араққа салынып кетті. Шырғалдан бала-шағасын асырау үшін әйелдер бала қоржынын аркалап, саудаға шықты. Сөйтті де әйел – базаршыл, ерек қазаншы болды. Содан бірте-бірте еркектер жалқаулыққа үйренді. Бірінші орынга әйелдер шықты. Сауда деген адамның психологиясын өзгертпей қоймайды. «Сен – маған, мен – саған» деген ой қалыптасады. Қаншама әйел сауда жасаймын деп жүріп, отбасын тастап кетті. Міне, сол кезде біз бүгін бір ұрпақты жоғалтып алдық. Сол кездегі ұрпақтан түрлі қылмыскерлер шықты. Себебі

оларды көше тәрбиеледі. Бұрын бір жаққа барамын десең, «өкеңе айтайын» дейтін, бірдеңе керек десең, «өкеңнен сұрайын» дейтін. Сонда анамыз әкемізді бізге асқар тау қылып көрсететін. Негізі ер-азаматтың басын зор ететін де, көз ететін де – әйел, – дейді. Расында, жақсы әйел ердің жұрты ырысы демекші, ер азаматтардың отбасындағы абыройын асқақтату әйелге байланысты. Бірақ соңғы уақытта феминистік ұранмен жер-жерде бас көтеру жиі орын алууда. Нәзік жандылардың мұндай әрекетке баруына батыстық идеяның да әсері зор. Бұл тұрасында журналист Нұрсейіт Жылқышыбай ер азаматтар да жетісін жүргенімен, олардың денгейін көтеретін, ер азамат деп қарайтын әйелдер өте аз екенін айтады. Оның ойынша, алаңға шыққан әйелдер үйінде

ерім езі қылып тастаған, ерін құрмет теменітін әйелдер. «Феминисттердің алдына қойған мақсатынан қорқуға болады. Олардың көбі, байдан қайтқан немесе тұрмысқа шықпағандар. Феминизмнің негізгі идеясы – билікке әйел адамдарды әкелу. Арғы жағында үлкен аясы күштер тұр» – дейді ол.

Ежелден Алла Тағала ерлердің дәрежесін жоғары қойған. Онымен таласудың қажеті жоқ. Ал таласқан батыс қоғамы не тапты? Дүниеге сау бала келмейтін болды. Екі баласы бар, кем дегенде 15 жыл бірге тұрған отбасылар – сирек құбылысқа айналды. Ата-анасы ажыраспаған, тату-тәтті отбасында өмір сүретін жоғарғы сынып оқушысын табу қиын. Қоғам тәни тұрғыда да, мектептің тұрғыда да. «Дағдарыс», «трагедия» өмірдің кез келген саласында басымдық. Өзіне қол жұмсау коэффициенті артық. Ар, ұлағат, парыз, құрбан ету, адамгершілік деген сөздер қолданатын болды. Алкоголизм, темекі тарту, есірткеге дұшар болу жасарып барады. Жалпы қоғамдық дертке айналды. Ас деген химиялық қояндық айналды. Себебі отбасылық феминизм шаруашылық саны кеміді. Бұл тізімді тәлкек етерек, жалғаса береді. Ал мұндай халге түспеу үшін салт-дәстүр мен дінімізге берік болу қажет. Француз философия Жан-Жак Руссо: «Ерлер ұрпақтарының асырау арқылы әке өз міндетін уштен брігн ғана орындайды. Ол адамзатқа адам, қоғамға қоғамкер, мемлекетке азамат беруге міндетті. Осынау үш міндетті орындауға қабілетті бола тұра, қимды екі оны орындау – айналыты» деген екен. Осы айыбымызды қаншалықты түсініп жүрміз?

А.ӨБСАДЫҚ

Қызылорда облыстық полиция департаментінің қызметкерлері бәрі 60 жасөспірім жоғалғаны туралы хабарлама келіп түскен. Оның 50-і бір тәулікте анықталып, қалған 10-ына іздеушісі ашылған.

«Жасөспірімдердің хабар-ошарсыз кетуі дерек бойынша жедел әрекеттерді тобы жұмыс істеді. Іздеу ісі департаменттің қатан бақылауында болады. Іздеу жұмыстарының нәтижесінде екі жасөспірімнің мәйіті табылды», – дейді қриминалдык полиция басқармасының бастығы Сәбит Арынов.


«АНАНЫҢ КӨНІЛІ БАЛАДА, БАЛАНЫҢ КӨНІЛІ ДАЛАДА»

Баласын «қанаттыға қақтырмайын, тұмсықтыңа шоқтырмайын» деп ата-ана күндіз-түнi тынымсыз жұмыста. Үлкендері кішкентайларға бас көз болып, бір-біріне қарайлап, балалар есіп жатыр. Тіпті кейбір отбасында баланы бірнәрсін ата-әже тәрбиесінде берген. Ал ата-ананың қамқорлығынсыз қалған баланың жағдайы тіпті қиын. Біз дидарласқан ата-аналардың көпшілігі балалардың әлеуметтік желіде қандай бағдарлама, видео көретіндерінен бейхабар. Заман ағымына сай әлеуметтік желіні қолдануларына қарсы емес.

Төрт қыз, бір үл есіріп отырған ана Айгүл балаларға жететін әрбір ақпарат дұрыс әрі тәрбиеге қайшы болмауы керек деген пікір білдірді.

«Аталатан да, боталатан» деген. Ата-ананы баламен сынғасым екен. Әлеуметтік желіде бір қыз жоғалды десе уайымдап қаламыз. Дін аман табылса екен деп аяндаймыз. Әрбір жоғалған бала туралы ақпарат естосек, жанымызды шүберекке түйіп жүреміз. «Баларап» арнасында ролік көрсетеді ғой бөтен адам шақырса барма деген мазмұнда. Телеарналар мен сайттардың ақпараттары тазалау керек. Бірау аңда өйліп кетті, мынада бүйтітіп деген айтуға ауыз бармайтын жайттарды ашық жариялайды. Мыңы біздің балаларымыз көреді. Таңнан қара кешке дейін соларға тамақ болсын, киім болсын деп тынбай еңбек етеміз. Жұмыс істемесек жердеміз неге жетеді? Қосымша үйірмелерге де барады. Біз де бала болып мектепте оқыдық. Көрші балалармен бірге қайтатын едік. Жолай біртіндеп қала береді. Үйге солай жетемізші. Осылай дос тапты, сөме білдік. Қазіргі балаларды мектепке көлікпен аналарымыз немесе жетектеп алып қайтамыз. Жолдағы қауіпсіздігіне алаңдаймыз. Қолдарына телефон түспейді. Із, оның ішінде олар не істеді, берің бізге бірде бермейтіміз рәс», – дейді қала тұрғыны Айгүл Жүсіпова.

Жеті перзент тәрбиелеп отырған аяулы ана Қуаныш та бізге пікір білдірді: «Тілдеңді түзетін келсе, қыздарды тәрбиелеудің соңықтан қыздарыма ерекше назар аударармын» – дейді Батыр ана.



Қуаныш АХМЕТҚЫБАСЫ

«Кізы бар уйді қырық періште арапайды» деген Боз уақтыңа мәдениет үйіндегі үйірмелерге апарамын. Мүмкінді болса әрбір қылығын көзден таса қылмауға тырысамын. Көңіл-күйлеріне мән беремін. Сөміз жұмыста болған уақытта видео қонырау шалып, жағдайларын сұрап тұрамын. Әкем ауыл өкімі болды, анам ұстаз болды. Кеш батпай жатып, бізді ауладан өрі шығармайтын. Тіпті шалбар, шорты, трико киізбейтін. Осылайша ата-анам мені қатан тәрбиеледі. Қалың жұртқа қыздарыма қатал болғым келмеді. Заманына сай еркін өскенін қаламын. Ойларын ашық айта, сыр бүкпесі екенімін. Әлеуметтік желіні қолдануын бақылаймын. Барі де ағылшын тіліне қосымша дайындалады. Курсқа қатысады. Кішкентайлары «Tik-tok» деген желіге кіріп, түрлі қылықтар жасайды. Мұнан өзі әбестік көрмейміз. Шектеу қоймаймын. Кімдермен сөйлесіп арыласыз, беріне назар аударуға тырысамын», – дейді Қуаныш Ахметқызы.

Қаламыздағы жасөспірім қыздар бірлік алатын оқу орындарының бірі – М.Менетова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі. Оқу орны білім мен қатар жасөспірімдердің тәрбиесіне де көңіл бөледі. Аталмыш білім ордасы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлдана Исаева: – Балаға бірінші қатал болуыңн қажеті жоқ. Қатал болатын жерінде батпыдай айтып, еркін дидарласар сәтте өңгемге тарту керек. Қыздардың тәрбиесіне бірінші ата-ана, екінші біз – білім ошары жауапты боламыз. Жасөспірім қыздар арасында қандай да бір шалыс басу оқиғалары болып жатады. Әздерімен жақын танысып, отбасылық жағдайын зерттейміз. Басқа-аным байланысамыз. Қыздар арасында ерте жетілуіті болдырмауға, ата-дін ағымдардың алдын алу секілді тәрбиелік мәні бар іс-шараларды үнемі ұйымдастырамыз. Себебі жасөспірімдер ақпараттың шаңырайлығын зерттейміз, сеніш келеді. Жыл бойы сабақ оқып отіті. Тәрбие шаралары да. Жастардың кейбірі сап-дәстүрімізге жат қылықтарға бейімделіп барады. Әрекеттеріне қарасак, ұлттық психологидан ауытқып бара жатқаны

Өткен күзде сұлуөбеліктер Софяния жосалтып алды. Софя Әбітаева білімді, өмірге құштар қыз болатын. Кейін ауыға тұрмысқа шықты. Үш перзент сүйді. Асыл жар, аяулы ана болып отырған Софяның кенеттен жоғалып кеткені туралы хабар төбеден жай түскендей болды. Ағайын-туыс, дос-жаран, бөлсенді еріктер бәрі іздеуге атсалысты. Үйінен бөлгісіз бағытқа шығып кеткен Софя қайта оралмады. Отбасына аман-есен оралар деп үмітімізді үзбедік. Үш баласымен жарының, ата-ана бауырларының көңілі әрбір хабарға өлендеп отырды. Арادا алты айдаан аса уақыт өткен соң, «қала шетінен табылған мәйіті 99,9 пайыз Софяның мәйіті екен» деген хабар келді. Жалындап тұрған, асқак арманы бар құрбымыздың осылай айырылу бәрліміздің қабырғамызды қайыстырды. Қызылордада қыз жоғалыпты десе, зәреміз қалмайды. Аман-есен отбасына оралса екен деп тілеулес болып отырамыз. Полиция департаменті көбіне жасөспірім қыздарға іздеу салады.

Үйіңнен қашпа қарағым, белгісіз қауға барарың



Гүлдана ИСАЕВА



Айгүл АМАНГЕЛДІ

байқалады. Оларға ар сақтау, ұятты білу, үлкенді ардақтау, кішіні құрметтеу, адамы сыйлау тақырыбында өңгіме айтып, ұқтыру қиынға соғады. Сондықтан басты жауапкершілік ата-аналық мұқтеділ. Қандай жағдай болсын бірінші кезекте баланы өзін тыңдау керек. Жасөспірімдердің жүрегі нәзік, көңілі пәк, еріндікке, жанышылдыққа жаны құмар келеді. Оны еркін өңгімеге тартып, ішкі сырын білугіміз абзал. Не себепті ол қадамға барғанын білмей, жазықсыз немесе болмашы нәрсе үшін жазаландан аулақ болуымыз керек.

«ТӨРТІП – ТӨРБЕІС БАСАУЫ»

Назар аударарсың, жыл басынан бері жоғалған 60 жасөспірімнің 50-сәу тәулікте табылған. Яғни жеті, сегіз сағат анасына айтпай із-түссіз кеткен. Жасөспірім қайда кетеді? Кімдермен болады? Не істейді? деген сауауға тереуіштердің өзіне жауап табу кейде қиынға соғады екен. Себебі жасөспірімдер өз әлемін жасап алады. Ол әлемнің бастышы өзі, ережелері, қалауы, арманы бері соның ішінде. Оған тек өзіне ұналатын, өз сенетін адамы ғана кіреді. Онда тіпті ата-анасы жоқ, Ұланданып, өзімен-өзі тұйықталып қалған. Сондықтан бізге істі зерттеу, баланың ойын білу қиынға соғады дейді полиция қызметкерлері.

«ҚЫЗЫМ ҮЙДЕ, ҚЫЛЫҒЫ ТҮЗДЕ»

Мәлжан Жұмабаева, «Қарағым, оқу оқы, босқа жұрмал! Оқымды ойын құдан балаларыңа ыңама, шақырса да қасына ерме! Кідріме, аяңдама, алға ұмтыл. Жасыңан оқу оқып, өнер күған. Жан жетіпес көңілі жүрік кеменгеріге. Білімсіз, құр қалтақп жүргенменен, Ерте өлген, кемілуді қара жерге» деп өсиет айтыпты. Бүгінгі бас буыңға ақыл айтпақ түрлі олармен еркін өңгімелесу қиын. Біз қалай талдасқақ та, жасөспірімдердің айтар өз ойы бар. «Instagram» желіс арқылы бірнеше жасөспірімнің «Тосын сыйларды жасы көрермін», «Кемінен сыйлық алып көрелімін», «Анамыз көп ұрасады», «Бір өзім айдалада адамдар жоқ жерде өмір сүргім келеді» дейді олар.



Сәбит ЖАНДАРБЕКҰЛЫ

Сәбит ЖАНДАРБЕКҰЛЫ.

Қызылорда облыстық полиция департаментінің қриминалдык полиция басқармасының бастығы: – Жасөспірімдердің хабарсыз кетуі бастапқы бір себебі, ата-анасымен ұрысқы қалуы, ренжіп кету, бірнеше күн үйіне бармай қалуы немесе үйдегі ата-ананың арасындағы күнделікті ұрыс-керістің салдарынан олармен бір-біріне ұрысып кетіп, өзінің бөлектеніп өмір сүругі келеді. Кейде жақындарына айтпай, өз бетінше жұмыс іздеп кетуі, бір нәрсіні білдіріп алса, ата-анасының жазаланынан қорқып, үйінен қашып кетеді. Аланданған ата-ана полицияға арызданады.

Айгүл АМАНГЕЛДІ, Қызылорда қалалық Полиция басқармасының тергеу бөлімінің тергеушісі, полиция лейтенанты:


– Отбасы жағдайы қыз баланың мінезін қатты әсер етеді. Үйінде ата-ана жылы ғана емес материалдық қажеттен тәлім болмағанын яғни қымбат сыйлыққа қызылып, сырттан қолдау іздеп, бөтен адамнан сый күтеді. Өкінішке қарай, қызықты қашан жігітпен танысып, қыл ұақытта жақындасып жүргенін білмейтін де ата-аналар бар екен. Іздеу жүргізілетін, бірнеше күннен кейін табылғанда екінші



Сағынмыш

«Kontakte», «telegram» каналында парашанары бар. «Маман сөйлеп жатыр, мен шығам, енді кірмеймін» деген біреуі жоқ. Ата-аналары рұсат етеді. Ал мен тәлемнен бірнәрсе жасығуға қорам. Ол кісі өте білімді, парашаналарымды қандай бір жолын тауып құпияларымды біліп оқыса, мен құрыдым. Әжем үнемі айтып отырады, «телефонды таста, тіріліңді істе, сабағыңды оқы» деп. Барыңша тырысып жүрмін енді.

деп болжам айтаду. Бұл жағдайға жасөспірімдерді жеткізес үшін ата-ана мен бала арасында қарым қатынас тығыз болуы қажет дейді психолог Сымбат Нұрғатақызы.



Сымбат БӘДІРАХМАНОВА

Сымбат БӘДІРАХМАНОВА, психолог:

– Ата-аналардың көп жұмысбасты. Тергеулерге сүйенсек, әрбір үшші отбасы өз балаларына 24 сағаттың 30 минутын да бөлмейді. Жеке тәжірибем келетін болсақ, қыз балалар мен аналардың қарым қатынасында кемшін тұстары байқалады. Жасөспірімді шактың өзіндік ерекшеліктері бар. Аялдың олардың өлемді қабылдауы бұрынғымен салыстыруға да келмеді. Осыны қабылдау ата-ана тәрбиеленген өте қиын. Оса тұста әр буын өлдерінің қарама қайшылығы байқалады. Қазіргі таңдағы жасөспірімдер қызығушылығын мысалы, япониялық мультфильмге «аниме», «tik-tok» желісіндегі қылықтармен ойнайтын, әлеуметтік желідегі топтарың түрлісі келмейді. Өрине, кей жағдайда ата-ананың қобалжуы дұрыс болуы мүмкін. Осындай жағдайда ата-ана мен қыздардың арасында сенімді қатынас болуға тиіс. Қандай жағдай орын алса да, бала қорқыпай өз ата-анасына айта алағы жөн. Тағы бір айта кететін жайт, бала үйде жеткілікті көңіл бөліне бермеген жағдайда бала оны сырттан іздейді. Бір нәрсіні өз өлшімі қобалжуы жөн. Шектен шыққан кезде бұзылыс орын алады. Мысалы, шектен тыс қамқорлық немесе шектен тыс немурдайлық. Бұллар балаға кері әсерін тигізеді. Мысалы, шектен тыс қамқорлық болған кезде өз ілешім қобалжуы алмастың жағдайға жетеді. Қорғаныс сезімі болмайды. Желі арқылы бейтаныс жігітпен сөйлесуі, сенім білдіріп, кездесуге шығуы т.б. Мұндай жағдайда ата-ана жақындары қайтпек керек? Үнемі ата-анамен жасөспірім арасында сенімді байланыс қажет. Баласына көңіл бөліп, өңгіме тартып, жағдайын сұрап отыру керек. Анасы жігітін бар ма, сезім болуы қалпыты жағдай деп сырласа білуі қажет және біз өкінішке қарай, тыңдаймыз, бірақ естілмей кездер де болады. Баламыздың айтқан дүниесіне мәнұнды көңіл бөлмеуіміз мүмкін.



Айдана

Айдана, 15 жаста:

– Ата-анам жұмыстан шаршап келеді. Тамақ шайларын ішіп алады да демалады. Біздің әрқайсымыздың жағдайымызда сұрауға шамалары болмайды. «Амансыңдарма, жазымсыз болды. Екеуіме жиі ұрысып қалады. Осылардың айқайынан шаршаймын. Белмеге кіріп «taboo» деген бағдарлама бар, соны жүктеп аламын. Онда бәрі өз парашанасын ашып, анкетасын толтырып қояды. Соған қарап дос табуға болады. Жігіттермен танысамын. Бір-бірімізге сұрақ қойып, тапсырма беріп, уақыты қызықты өткіземіз. Ата-анамыз жұмыстан келген соң төксерсінен өштеңе таппайды. Мысалы, You Tube-тан бір видео көрсем, «история» деген жерге кіріп бәрін өшіріп тастауымыз болады. Яғни оларға ұнамайды-ау, ұрасады-ау деген дүниенің бәрін құртамын.

Еуропа психиатрлар қауымдастығы карантиннен кейін психикалық бұзылыстар мен суицид көбейді

PIС:

Ақын Абай Құнанбаев өз заманында «Жасөспірім замандаас қала қылды, Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды, Тұлғау кылып өз нәрсе басқара алмай, Сенімі жоқ шерімде өңкей жынды» деп жырға қосылпты. Арادا бір ғасыр өтсе де, бүгінгі өскелең ұрпаққа қарап, біз де ойға қалдық. Қолыңан телефон түспейтін, бір қарасаң жылпап, бір қарасан қарқылдап күліп отырпатын жас буын өсіп келе жатыр. Дені сау емес, жыныы бейіт десең түрлі өп-өдені қыз бала. Жамандың, жасалықты айыра алмай жетпісі жүреріме іздені. Жалғаулың шаршайы деп жоңірдей, сендіре алмай, сеніе алмай, сенделеді. Тұлғаусыздығы тағы бар. Балалары үшін нан табылғын деп еңбек етіп жүрген ата-ана балам жаным болсын демесі аңыз. Әйтседе отбасының жылулығы, ата-ана мейірімі балаға зор сенім ұялатады. Абай: «Адамды нағыз адам қылатыны – сезім, ой, рух, білім, өнер, адамгершілік, сана, өрекет», – дейді. Осылардың бәрі болса, адам баласының шығар білгі зор, айтар ойы тұщымды, өр қимылы саналы болмақ. Ол солып білгенімен жақсы жаманды әзер айыратынын жеткіншектерге бел айтпалыған қасиеттер кімнен келеді. Ата-анасанан ба? Білім ордасынан ба? Мүмкін Достарынан шығар? Ең қорқыныштысы, әлеуметтік желідегі бөтен жаннан жылу іздемесе екен. Сіз не дедісіз, оқырман?

РЫПАКОВА МАНСАБЫН АЯҚТАЙ МА?



Токиода өтіп жатқан Олимпиада ойындарының төмамдалуына санаулы күндер қалды. 97 жолдамамен аттанған Қазақстан спортшылары өзiрге 3 қола жүлдемен 70 орында келеді. Фаворит саналған саңлақтардың дені ауылға жүлдесіз оралды. Соның бірі – жеңіл атлет Ольга Рыпакова. Токиоға дейін үш Олимпиадада олжа салған Нұр-Сұлтан тұңғыш рет басты додада жүлдесіз қалды. Қазақстан Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында Нұр-Сұлтан мен Токио арасында тікелей бейнеконференция байланысы арқылы брифинг өтті. Оған жеңіл атлетікадан Қазақстан құрамасының бас бапкері Дмитрий Карпов пен Лондон Олимпиадасының жеңімпазы Ольга Рыпакова қатысты.

– Токио Олимпиадасы жоғары деңгейде өтуде. Ұйымдастырушылардың тығыздығы дайындалғаны көрініп тұр. Алайда пандемияға байланысты бұрын болмаған шектеулер өте көп және де күн сайын ПТР-тест тапсыру да ыңғайсыздық тудырады, – деген Д.Карпов пандемия Олимпиадаға дайындалу үшін әжептеуір кедергі келтіргенін алға тартты. 2020 жылы тек Қазақстанның емес, бүкіл әлем спортшыларының дайындық кезеңі бұзылды. Соның салдарынан Токио Олимпиадасы бір жылға шегерілді. Карантинге байланысты спортшыларымыз үй карантинінде болды. Жоспарланған құрама жаттығулары, жарыстар дер кезінде өтпегендіктен, Токио Олимпиадасында спортшыларымыздың қандай жүлде алатынын болжау мүмкін емес еді.

Өз кезегінде Ольга Рыпакова пандемия жағдайында жарыстың көрерменсіз өтуі, сәтсіз өнер көрсеткені, алдағы жоспарлары туралы айтты.

– Қатысқан жарысқа баға беру қиын. Төртінші Олимпиададан өткен билесіздер. Әдетте, стадиондағы атмосферадан, трибунадағы қайнаған энергетикадан қуат алатынымыз. Бірақ менің көрсеткішіме көрермендердің жоқтығы әсер етті деп айтуға болмайды. Мен бар күшімді көрсеттім, бар мүмкіндігімді жүзеге асырамын деп мақсат қойдым. Өзімді жақсы сезіндім. Дайындық оңай болған жоқ. Жасыңның ұлғайғаны да әсер етпей қоймайды екен. Жыл өткен сайын нәтиже де төмендей береді. Ал дайындық кезінде ескі жарақаттар сыр береді немесе баса да кедергілер кездеседі. Стікен жылы сынга түсеміз деп ойладымыз. Бірақ өзiм Олимпиаданың кейінге шегерілгенін күл көрдім. Қосымша уақытта емделіп, дайындалуды көздедім, – деген О.Рыпакова қолдау көрсеткен жандарға алғысын айтты.

– Ал мотивация туралы айтатын болса, өзiң айналысатын спортты жаңымен сую керек. Сол кезде жанкүйерді қуанту үшін жұмыс істейсің. Олардың қуанышын көріп, одан әрі шыңдала түсейсің. Басқаша болуы мүмкін емес. Өзiрге не болғанын бағалау қиын. Кейінірек бапкермен сөйлесіп, өз өнерімді қайта сараптап,

байқайтын шығармын. Өйтеуір бір нәрсе бөгет болды. Мүмкін, ескі жарақаттар шығар. Алайда айтарлықтай қиындық болған жоқ. Осылай болуы керек еді. Маған қолдау көрсетіп, жанкүйер болған барлық жерлестеріме рақмет. Сіздердің қолдауларыңызды сезіндім. Алғысым зор, – деді О.Рыпакова.

Сондай-ақ Ольга әлеуметтік желідегі танымалдылығы мен 2024 жылғы Париж Олимпиадасына қатысты ойын бөлісті.

– Ашылу салтанатынан кейінгі танымалдылыққа келер болсам, өзiмді барлығынан оқшаулауға тырыстым. Өйткені жарыс алдында өзіме артық назар ауганын қаламадым, әлеуметтік желіге де ештеңе жарияламай, өзiмнің кішкентай әлемінде өмір сүруге ұмтылдым. Алансыз жарысқа дайындалуды жөн көрдім. Десе де, ашылу салтанатында өз жанкүйерлерімді қуанып, тілеулес жандардың санын одан әрі арттырғанымға қуаныштымын. Осы образды дайындау жолында күш салған Ұлттық Олимпиадалық комитет пен дизайнерлерге көп рақмет! Еңбектің бәрі сол кісілердікі, мен дайын кимді киіп, әлемге көрсеттім. Бәрі осылай сәтті болғанына қуаныштымын. Ал Париж Олимпиадасына келер болсам, бұл өте қиын сұрақ. Қатысамын деп үзе бер алмаймын. Қызым да өсіп келеді, мүмкін, болашақта оның жетістіктерін көретін шығармыз. Бірақ асығудың қажеті жоқ. Ол кәсіби спортқа бейімделіп келеді. Егер оның тапшылығы болса, біз тек қолдаймыз. Алдағы уақытта немен айналысатынымды әлі шешкен жоқпын. Спортқа қатысты ойларым бар.

Мен жеңіл атлетиканың жанкүйерімін. Бұл спорт пәдішесінің Қазақстанда да қанатын жая түскенін қалаймын. Кейінгі бұныдың ашу үшін өз үлесімді қосқым келеді, – деді Рыпакова.

Айта кетелік, жарысқа қатысушыларға үш мүмкіндік берілді. Ал финалдық сынга 12 спортшы жолдама алады. Ол үшін 14,40 метрді бағындыру керек. О.Рыпакова өзiнiң ең үздік мүмкіндігінде 13,69 метрге секірді. Бұл финалға өту үшін жеткіліксіз еді.

Сондай-ақ іріктеу кезеңінде Мария Овчинникова мен Ирина Экзова да сынга түскен болатын. Олар жарыстың бірінші айналымынан аса алмай, 26 және 31-орын алды.

“ҚАЙСАР” ТОП БАСЫНДА




Футболдан Олимпбет Қазақстан кубогының төртінші турында «Қайсар» өз алаңында «Ақтөбені» қабылдады.

Біріншілік барысында сәтсіздікке жиі ұшыраған қызылордалық клуб кубок ойындарында тәп-тәуір нәтижеге қол жеткізіп келеді. Бірде-бір кездесуде жеңілген жоқ. Сол сәттілік сериясы «Ақтөбеге» қарсы кездесуде де серік болды.

Кездесу тағдырын 46-минутта қызылордалық клуб шабуылшысы Каролис Лауккемис соққан жалғыз гол шешті. Осылайша «Қайсар» қарсыласынан 1:0 есебімен басым түсті. Нәтижесінде өз тобында сегіз ұлаймен көш басына шықты. Енді Владимир Никитенко шәкірттері 8 тамызда елордалық «Астанамен» шеберлік байқасады. Кездесу Нұр-Сұлтан қаласында өтеді.

БАЛУАНДАР БАБЫН БАҰҚАТА МА?

Еркін күрестен Әсет Серікбаев баптайтын Қазақстан құрамасының балуандары көше Олимпия ойындарындағы алғашқы бөлдесуді бастады. 2016 жылғы Рио-де-Жанейрода өткен Олимпиадада еркін күрес балуандары алты салмақтың бесеуінде жолдама алып тұрып, бірде-бір балуанымыз жүлде алмай қайтқан еді. Быыл да еркін күрес шеберлері бес салмақта бөлдеседі. Нәтижесі қалай болар екен?



Олимпиада ойындарына 41 елден 96 балуан қатысады. Бұллардың ішінде екі мемлекет қана толық құраммен қатысады. Олар – Ресей мен Иран. Қазақстан құрамасы алты салмақтың бесеуінен жолдама алды. Бұл көрсеткіш бойынша АҚШ құрамасымен қатар тұрмыз. Әзербайжан, Жапония, Үндістан, Түркия сияқты күрес түрлері жақсы дамыған елдердің өзінде төрт жолдамадан ғана бар. Сондай-ақ Беларусь пен Алжир елдерінің балуандары да төрт салмақта бөлдеседі. Ал Әзербайжан, Қытай, Куба, Грузия, Монғолия сияқты елдер Олимпиадаға үш салмақта ғана балуандарын әкелген.

Дегенмен біз үшін жолдаманың саны емес, сапасы маңыздырақ. Еркін күрес балуандарының 1996 жылдан бергі нәтижелеріне қазқ еліміз қолға алды. Олимпиада ойындарында ғана қоржынымыздың бос қайтқанын байқауға болады. Мәселен, Атлантадағы алғашқы Олимпиадада Мәулен Мамыров қазақ еліміз қолға алдымен қуантты. Оған кейін Сиднейде Ислам Байрамуков күміс медаль алса, 2004 жылы Гренадиді Лалиев тағы да тұғыр биігінен көрініп, Қазақстан құрамасына күміс медаль сыйлады.

2008 жылы Қытай астанасында Марид Муталимов қола медальға ие болды. Арада төрт жыл өткенде Ақжүрек Таңатаров пен Дәулет Шабанбай дестур сабақтастығын бұзбай Лондон төрінде қоржынға қола медаль салды.

Еркін күрес – әлемде қарыштап дамып келе жатқан күрес түрлерінің бірі. Әсіресе Ресей, АҚШ, Иран, Жапония, Әзербайжан сияқты елдерде еркін күрестің өнсіз басқа күрес түрлеріне қарағанда жоғары. Олимпиада ойындарында алты салмақтың медаль «көкпарға» салатын да осы елдің балуандары. Қазақстандық балуандардың басты қарсыластары да осылар екені даусыз.

Осыдан екі жыл бұрын Нұр-Сұлтанға өткен әлем чемпионатында қола жүлде алған Нұрислам Санаев – Токиода медаль алуы мүмкін деген үміткерлердің бірі. Бүгін ол бозкілемге қола жүлде үшін колумбиялық Оскар Тиггерос және балгариялық Георгий Вангеловпен шығады.

Орда бұзар жасқа жеткен Нұрислам Санаев та оспал емес. Рио Олимпиадасының қарсаңында Қазақстан азаматтығын алған балуан содан еркін халықаралық аренада еліміздің атын шығарып жүр.

Бразилия астанасында жолы болмады десеменсіз. Азия чемпионы, әлем чемпионатының қола және қола жүлдегері атанды. Көптеген күрес мамандары Нұрислам Санаевты жүлдегерлер қатарынан көрінеді деп болжауда.

Токиода үміт артып отырған балуандарымыздың бірі – 74 килодағы Данияр Қайсанов. Бірден айтайық, егер Даниярға Жапония жерінде жүлде бұйырып жатса, шығыс Қазақстандық балуан үшін бұл үлкен жетістік болар еді. Өйткені 74 килода кілем мықтылар топтасқан. Барлығына жеке-жеке тоқталмай, үш балуанның ғана есімін атайық. Олар әлем чемпионатының екі дүркін жеңімпаздары – Франк Чамизо (Италия), Заурбек Сидков (Ресей), Кайл Дэйк (АҚШ).

Олимпиада ойындарында бозкілемге шығатын бес балуанның ішінде Дәулет Ниязбеков сияқты тәжірибелі балуандарымызбен қатар Әлішер Ергали, Юсуп Батырмураев сияқты жас балуандарымыз да бар.

Бүгін бозкілемге Данияр Қайсанов (74 кило) пен Юсуп Батырмураев (125 кило) шықса, ертен жерлестерімізбен қатар Ниязбеков (65 кило) пен Әлішер Ергали (97 кг) жарыс жолына көтеріледі.



Раушан СӘЛІМҚЫЗЫ, жастар ресурстық орталығының аға кеңесшісі:

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Бақытты болудың үш тәсілі

ТӘУЕЛСІЗДІК – БЕЙБІТ ӨМІРҮШІН ШҮКІРШІЛІК ЕТУ



«Ерікті» дегенде көз алдымызға бизнесменнің өлестейтін бөлгіі. Себебі кәсіпкерлердің біреуге қолғабыс етіп, көмек қолын созатыны анық. Ал бүгінде рухани тұрғыда көмектесетін еріктілердің қатары күннен-күнге көбейіп келе жатыр. Өңірде еріктілер көп, олардың қатарында, қызметкерлер, студенттер, тіпті оқушылар да бар. Бір қызығы, олар ақысына ештеңе сұрамайды. Қарт кісілерге көмектесуді парыз санайды. Сондай жаннің бірі – Раушан Сәлімқызы.



Раушан Құрыят ата университетінде, Сәтпаев атындағы ұлттық университетінде оқыған. Қазір жастар ресурстық орталығының Neet санатындағы жастармен жұмыс жасау бөлімінің аға кеңесшісі болып жұмыс істейді. Бұған дейін осы орталықта ақпараттық бөлімде, жастар ұйымдарымен және оқу орындарымен жұмыс жасау бөлімінде жұмыс істеген. Сондай-ақ Еріктілер фронт одисінің құрылуы жастарымыздан одан әрі жұмысын үлестірген. Бір айта көтергілі, Раушан пандемия кезінде тұрғындарға тегін дәрі-дәрмек таратуға атсалысты.

«Тәуелсіздігіміздің тұғырлы, мәңгі болуы тіптеймін. Ертедегі жер үшін жанын берген батыр-бабалардың, алаштың аялы қаһармандарының, бертіңде желтоқсанның жастардың аманатына қиянат қылмай, оны қадірлей білетін ұрпақ болуымызды тілтеймін, – дейді Раушан Сәлімқызы. «Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие

алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігінмен үндесіп, өзінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Рәсіммен, патриотизмді бойға қалыптастыру үшін ортаның әсері мол.

Патриотизм – менің түсінімде өзінің шыққан тегін, ұлты мен жерін, тілін сүйу. Оның жетістіктерін мақтан тұта біліп, кемшіл тустарын мойындап, оны түзетуге тырысу. Өрбір азамат өзінің тұрғы өмір сүріп, адал және әділетті дүре қызметін шынайы атқарып, айналасындағыларға дұрыс бағытты насихаттаса бұл да патриотизм. Алып қимарат майда берік кірпіштерден соғылғандай, мықты мемлекет те адал, білікті және білімді, еліне жаны аштын азаматтардан құралады, – дейді Раушан.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет

ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта туы үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек.

Тәуелсіздік батырлардың қанымен, олардың отбасының қайғысымен, табындылықпен, қайсарлықпен көбелді. Тәуелсіздік – өлеңнің кез келген нүктесінде өз байрағының астында өз тілінде өз Өңүраныңды мақтанышпен шырқай алу. Тәуелсіздік – бейбіт өмір үшін, ашық аспан үшін шүкіршілік ете алу, – дейді кейіпкеріміз өз сөзінде.

Балаларға арналған 5 аударма

Билы балалар әдебиетін қолдау жылы. Балалар шығармасының әдебиеттегі орны қашанда зор болған. Боласыз ұрпақ кітап оқу арқылы білімін шыңдайды, қиялын кеңейтеді. Осы орайда әлем классиктерінің балаларға арналған 5 шығармасын ұсынамыз.

«АЛИСА ҒАЖАЙЫПТАР ЕЛІНДЕ»
«Алиса гажайыптар елінде» (ағылш. Alice's Adventures in Wonderland) – 1865 жылы жарыққа шыққан, Льюис Кэррол деген бүркеші атпен танымал болған ағылшын математигі, ақыны әрі жазушысы Чарльз Лютвидж Доджсонның жазған ертегісі.

19 жастағы Элис Кингсли күтпеген шытырман оқиғаларға тап болады. Виктория мерекесінде оған лорд, ледди Аскоттың бай, бірақ ақымқал ұлы Хамшиш үйленуге ұсынғы жасайды. Алиса бас тартып, орманға қашып кетеді. Орманда жүріп ол бас киім бар үнемі қалта сағатына қарайтын қоянға кездеседі. Оның ізнен еріп отырып інінде көптеген есіп бар өлемге тап болады. Алиса жер астынан керемет баяу-басшысы бар әлем есігінің кілті тауып алады.

Шығарма бала қиялын кеңейтіп, ойлау қабілетін арттырады. ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бағдарламасы бойынша қазақ тіліне аударылып басылған.

«ЧАРЛИ ЖӘНЕ ШОКОЛАД ФАБРИКАСЫ»
«Чарли және шоколад фабрикасы» – ағылшын жазушысы Руал Дафлиндің Чарли Бакет деген бала туралы ертегісі. Чарли кішкентай үйде тұрады, оның отбасы кедей, сондықтан Чарли жылына бір рет туған күніне сыйлық ретінде шоколад алады. Бір күні кезекті туған күнінде Чарли Ванканың таңағайып дәмді шоколадының бірінен алатын билет тауып алады. Бұл билет эксцентрик қондиртер Вилли Ванканың шоколад фабрикасына кіруге мүмкіндік береді. Чарли шоколад фабрикасында түрлі шытырман оқиғаларға тап болады.

Бұл кітапты 2020 жылы Stepper & WORLD Publishing жастарға қазақ тілінде жарыққа шығарды. Аударған – ағылшын тілінің мұғалімі Урилла Кеңесбаева. Бұл шығарманы кинотаспаған режиссер Тим Бертон, Вилли Ванканың рөлін Джонни Депп ойнаған.

«ҚАЙТПАС ҚАЙСАР ҚАЛАЙЫ СОЛДАТ»
«Қайтпас қайсар қалайы солдат» (Dan, Den standhaftige insoldat) – даниялық жазушы Х.К.Андерсеннің «Балаларға айтылған ертегілер» деген авторлық жинағына енген ертегі.

Балаға туған күніне ойыншық сарбаздар жиынтығы сыйланады. Ал бір сарбаз ең соңғы бол қайығандықтан аяғына қалайы жетпей қалады. Үнде ойыншықтар тіріліп, тіршілік ете бастайды. Сөйтіп жүріп қалайы солдат махаббатын табады. Бір күні кенеттен зенгір қоралтан зұлмыдық пайда болады. Сарбаздың оны елементініне ашуынан тролль онымен күресемін деп қорқытады. Тәнертен сарбазды бала терезе алдына қояды. Ол ашылған терезеден құлап кетеді. Сарбазды көшедегі екі бала тауып алады, олар оны қайықа отырғызады. Жолда ол тұлжатын талап етуін бөгедірдіктен кездестіреді. Ойықтан шыққан су қаналға ағып кеткен кезде қайық бағып, сарбазды балық жұтып қояды. Содан кейін бұл балық ойыншық иесінің ас үйіне түседі. Балық ішінен ойыншық иесі қалайы солдатты табады.

Қазақ тіліне бұл шығарманы аудармашы Габбас Жұмабаев тәржімалаған.

«МЕКСИКА ҰЛЫ»
«Мексика ұлы» – 1911 жылы жазылған америкалық жазушы Джек Лондонның шығармасы. Мексика теңікесінде Джек Лондон Техастағы Эль Пасоға еді. Бұл шығармада жүзеші Мексикадағы төңкеріс кезіндегі жас жігіт Ривера мен бокс жұлдызы, ақша үшін рингке шығатын Уорд арқылы қоғам теңсіздігін көрсетеді. «Мексика ұлы» алғаш рет Saturday Evening Post газетінде жарияланған.

1913 жылы оны Grosset&Dunlap баспа-сы «Түнде туған» әңгімелер жинағында қайта бастырды. Басты кейіпкер – өмірде болған адам. Джо Риверс Revolutionaria Mexicana революциялық қозғалыстың өкілі еді. Ривера революцияға қажетті қару сатып алу үшін күштен болмаса да Дэнни Уорден жұдырқытасады. Рингте Ривера бірнеше рет құлайды, өзі де Уордты бірнеше рет нокаутқа түсіреді. Көпшілік Уорд жағалды болады және төреші де Уордты белсенге қорғайды. Жекпе-жек кезінде Ривера Келлидің оған қарсы көлемді ақша қойғанын біледі. Оң жетінің раундта ол Уордты нокаутқа түсіріп, қару-жарақ пен революцияға қолдау көрсету үшін қажет ақшаны алады.

Шығарма балаларды отансүйіштікке, әділетті болуға және қайсарлыққа баулиды.

«РОБИНЗОН КРУЗО»
«Робинзон Крузо» – ағылшын жазушысы Даниэль Дефонның (1660-1731) алғаш рет 1719 жылы өзүінде жарияланған, табиғатпен байланыста адамның моральдық қайта тууы туралы әңгімелетіні романы. Теңіз саяхатшысы Робинзон Крузо тез және заңсыз жолмен байлығын келіп теңізге аттанады. Бірақ кемге апатқа ұшырап, ол 28 жылдан аралда өткізеді. Аралды мұқият зерттеген ол бір күні жабайы адамдардан бір тұтқынды құтқарады. Оны аптаның жұма күні құтқарғандықтан Жұмабай деп ат қояды. Оған ағылшын тілін үйретеді. Ол екеуі кейіннен тағы екі адамды құтқарады. Оның бірі Жұмабайдың енесі. Бір испаниялық теңіз саяхатшысы болады. Робинзон 28 жыл ішінде аралда бідай өсіреді, жабайы ешкірлерді қолға үйретеді. Дефонның өзі романын аллегория деп атады. Даниэль Дефонның Робинзон Крузо романы 2011 жылы «Аударма» баспасынан қазақ тілінде жарияланды. Орыс тілінен аударған – Қ. Өтегіл.

Қазіргі уақыттың заманауи қарқыны кімді де болсын таңқалдырады анық. Күндегілік күйбөп тіршілік ақпараттың көптігі, талаптың жоғарылығы бойынша өткен жылдармен салыстырғанда қиындау. Өр сала мамандарының көп жерде айтыны бір арнаға салыды: таңды қалай қарсы алсаңыз, күннің солай өтеді. Еңдеше бақытты болудың қарапайым да, тиімді тәсілдерімен таныс болыңыздар.

• Таңертен кем дегенде 5 минут жағуы жасау. Әсіресе, пайдалы деп көбі ойғаны атап жатады.

• Бірнеше себебі бар: физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан кез келген адам жасай алады, көңіл күйді көтереді, метаболизмді жақсартады, ағзаны тезалды.

• Келесі кеңес – ішкен ас, жеген тамағыңызға мән беріңіз.

• Таңертенділік уақытта оның маңызы ерекше. «Таңғы асынды өзін іш, түсі асынды досыңмен бөліс, көшікін жауыңа бер» нақилы соның дәлелі.

• Үлгі ұйы кезінде адам ағзасындағы зат алмасу 5% төмендейді екен. Таңғы ас оны жылдамдатады.

Пайдалы ас – иммунитеттің ғана емес, энергияның да қайнар көзі. Денеңді шымыр етіп, бет-келбетіңді жақсартады анық. Оның үстіне, ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, таңғы асты ішейтіндер артық салмақты тез жинайды екен.

Жаттығу жасап, таңғы ас ішкеннен кейін тағы бір маңызды нәрсе – жана ақпараттан танысу. Миды жұмыс істету, жаттығу жасауға сақты.

• Таңертенділік ағзаның ас қорыту ғана емес, мидың да ақпарат қорыту жүйесі де қарқынды жұмыс істейді екен. Ғалымдардың сөзіне, күніне бар болғаны 10-15 минут таңымдық ақпаратқа мән берген адамның ми жұмысының жылдамдығы артады.

JULDYZ - JORAMAL

(5- 11 тамыз)

Тоқты
Көптен бері ойлап жүрген жұмысыңыз іске асады. Ол үшін күш салмайсыз. Соғаны сарттап басылап отырсыз. Ашықтығыңызды, шыншылдығыңызды бағалайтын жандар бар. Олар сізді барлық жағынан да қолдайтын болады.

Торпақ
Апта сәтті болмақ. Бұл апта пайдалы іспен айналысуға да, жай демалуға да қолайлы уақыт. Өзгенге ұнамайтын қылықты іспен айналысыңыз. Апта аяғында көңіл көтертін кештің қонағы болсыз.

Егіс
Аптада жаңа достар табаңыз. Сонымен қатар алдағы уақытта өміріңіздің бір бөлішіне айналатын жанды жолқытырысыз. Дегенмен тәуекелге барып, ірі көлемде сауда жасаудың қажеті жоқ.

Шыян
Айналыңызда болып жатқан жағдайларға қарамастан, сабырлық сақтап отырыңыз. Бұл шешімнің дұрыс болмақ. Соның аяғында ижилжілдөгендей бойды аулақ ұстайсыз, сондай-ақ арандатпауға жол бермейсіз.

Арыстан
Аптада атқарар шаруа көп. Ең аялымен қайсысынан бастау қажет екенін реттеп алыңыз. Ойға түрлі жоқтар келеді. Бірақ идеяларды дап қару жүзеге асырудың қажеті жоқ. Себебі олар өзгіре аяғы әкелмейді.

Бікеш
Аптаны пайдалы іспен айналысуға құмарсыз. Әсіресе, киім шаруалары қолға алған жөн. Жаңашылдық тез үйренесіз. Сонымен қатар көп ақпараттың ішінен өзгенге қажеттіні аласыз.

Таразы
Қызықты апта. Ішкі түйсіңізге жүгіне отырып, өң киім шаруаларды мойныңызға жүгітесіз, бағалар ала алмаған ақуды бағындырыңыз. Сіздің тың идея барлығына ұнады.

Сарышаян
Демалуға, күш-жігеріңді қайта қалпына келтіруге қолайлы сәт. Кейбір шаруаны кейіне қалдырған жөн. Алайда мұқият болыңыз. Аптада туыстардың арасында болыңыз.

Мерген
Күн шаруаның барлығы артта қалды. Енді тыныштықта демалатын болсыз. Көтеріңкі көңіл-күйде болыңыз. Аптада көп күшті қажет ететін, маңызды шаруаны, ірі жобаны қолға алмайсыз.

Тәуешік
Жемісті апта. Таңертенділік айтарлықтай жоқтарыңыз болмаса да, біраз уақыттан соң айналысатын іс тауып аласыз. Бойыңызда ұмш-ұмштығы көп. Сондықтан біраз шаруаны тындырыңыз.

Сунғылш
Көп келген пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік бар. Ойлау қабілетіңіз жоғары, сондықтан қиын тапсырманы өзін оңай орындай аласыз. Сіз өз ортаныңды көшібасшысысыз. Оны көз келген адам мойындайды.

Балық
Өзгендердің сізге сеніп тапсырған жұмысына бей-жай қарап алмайсыз. Бар қытыңбаған көмек көрсетіп, қайырымдылық ақпайысына астыласыз. Сонымен қатар өділеттілікке қол жеткізу үшін барыңызды саласыз.

Кезекші редактор: А. ӨЛШЕРОВА

АҚМЕШІТ жастары
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуі алынып, №13844-Г нөмірі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001:2009 «ҚС менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРПАБЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдіреді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС шешімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz
БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА	Тарапымыз: 8517 Тапсырымз: 1129